

Қазақстанда қорларды басқару

Астана

2025



Қазақстанда қорларды басқару

Астана / 2025

«Астана» халықаралық қаржы орталығы Басқарушысының алғысөзі



Құрметті оқырмандар,

Сіздердің назарларыңызға «Астана» халықаралық қаржы орталығы дайындаған «Қазақстанда қорларды басқару» есебін қуана ұсынамын.

Бұл есепте Қазақстандағы реттелетін инвестициялық қорлардың қызметінің, сондай-ақ жергілікті нарықтың даму динамикасының кешенді талдауы ұсынылған. Талдау ұлттық заңнамалық базаны да, АХҚО-ның нормативтік ортасын да егжей-тегжейлі сипаттап, олардың арасындағы негізгі айырмашылықтарды баса көрсете отырып, құқықтық және нормативтік базаға терең шолу береді.

Инвестициялық құралдарға деген қызығушылық артып, ұжымдық инвестициялық схемалар танымал бола бастағандықтан, бүгінгі қаржылық ландшафтта қорларды басқару тақырыбы өзекті бола түсуде.

Нарықтың құбылмалылығының жоғарылап, орнықты экономикалық өсу қажеттілігі артқан кезде активтерді басқару енді тек қаржылық құрал емес – ол ұзақ мерзімді тұрақтылық пен өркендеуді қамтамасыз етудің стратегиялық тұтқасына айналды. Біз бұл секторды ұдайы дамыту инвесторлардың сенімі мен қаржы жүйесін нығайту және ішкі және халықаралық капиталды тарту үшін маңызды деп санаймыз.

АХҚО Қазақстанда және жалпы аймақтағы инвестициялық қорлар нарығының өсуіне жәрдемдесуге бейілділігін жалғастыруда. Біз қор басқарушыларына, инвесторларға және қаржы мекемелеріне жағдай жасайтын прогрессивті құқықтық әрі қаржылық инфрақұрылымды құруға тырысудамыз. Озық құралдар мен инновациялық шешімдерді енгізу арқылы біз инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейтуге және активтерді тиімді басқаруды қамтамасыз етуге ұмтылудамыз.

Бұл есеп нарық қатысушылары, жергілікті және жаһандық инвесторлар, Қазақстандағы қорларды басқару секторына қызығушылық танытатын барлық басқа тараптар үшін құнды ресурс болады деп үміттенеміз.

Құрметпен,
Ренат Бектұров
АХҚО Басқарушысы

Авторлар



**Әсет Оңласов,
CFA**

АХҚО әкімшілігінің
өнімдерді дамыту
жөніндегі басқарушы
директоры



Аян Тулешев

АХҚО әкімшілігі
Деректерді және
салаларды талдау
департаментінің
директоры



**Данияр Келбетов,
CFA, FRM**

Тәуелсіз
консультант



Мәншүк Мұхамеджанова

АХҚО әкімшілігі
Деректерді және
салаларды талдау
департаментінің аға
менеджері

Дисклеймер

Осы «Қазақстанда қорларды басқару» есебі («Есеп») тек ақпараттық мақсатта әзірленген және заң, қаржылық немесе кәсіби кеңес болып саналмайды. Осы Есепте қамтылған ақпарат оның дәлдігіне, толықтығына немесе сенімділігіне қатысты ешқандай кепілдіктер әрі мәлімдемелерсіз «сол қалпында» шартымен берілген.

Осы Есеп аталатын ұйымдардың жарнамасы немесе оларды ілгерілету құралы емес.

Осы Есептің мазмұнында ескертусіз өзгеруі мүмкін пікірлер, болжамдар немесе болжамды мәлімдемелер болуы мүмкін. Осы Есепте қамтылған ақпаратты пайдаланудың тәуекелі толығымен өзіңізге жүктеледі. Біз Сіздің немесе кез келген басқа тараптың ақпаратты пайдалануынан туындайтын кез келген салдар немесе жауапкершілік үшін жауапты болмаймыз.

Осы Есеп қосымша ақпарат алу немесе контекст үшін сыртқы көздерге немесе үшінші тараптардың веб-сайттарына сүйене алады.

Дегенмен, үшінші тарап веб-сайттарының мазмұнын мақұлдамаймыз немесе бақыламаймыз және мұндай веб-сайттардың дәлдігі, заңдылығы әрі мазмұны үшін жауап бермейміз.

Осы Есептегі ешнәрсе оқырман мен ұйымымыз арасында клиенттік қарым-қатынас орнату ретінде түсіндірілмеуі керек. Егер Сізге заң, қаржылық немесе кәсіби кеңес қажет болса, нақты мән-жайларыңызға байланысты арнайы кеңес бере алатын білікті маманға жүгіну қажет екендігін ескертеміз.

Біз осы Есепте қамтылған ақпараттың кез келген мақсат үшін жарамдылығына, сенімділігіне, қолжетімділігіне, уақтылылығына немесе дәлдігіне қатысты ешқандай мәлімдеме немесе кепілдік бермейміз. Біз осы Есепті пайдалану немесе пайдалану мүмкін еместігінен туындайтын тікелей, жанама, кездейсоқ, арнайы және басқа да залалдар үшін жауапты емеспіз.

Қазақ және орыс тілдеріндегі аудармалар мен ағылшын тіліндегі мәтін арасында қайшылықтар болған жағдайда, соңғысы басымдыққа ие болады.

Біз осы Есепті кез келген уақытта алдын ала ескертусіз өзгерту немесе жаңарту құқығын өзімізге қалдырамыз.

Қысқартулар мен
аббревиатуралар

АИҚ	Акционерлік инвестициялық қор
АҚ	Акционерлік қоғам
ҚНРДА	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
ҰСБ	Ұлттық статистика бюросы
БЖЗҚ	Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры
АЕК	Айлық есептік көрсеткіш
АХҚО	Астана халықаралық қаржы орталығы
ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҚРҰҚ	Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры
ТШИ	Тікелей шетелдік инвестициялар
ИПҚ	Инвестициялық пай қоры
ТИ қоры	Тікелей инвестициялар қоры
AFSA	АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті
AIX	Astana International Exchange (АХҚО биржасы)
CIS	Collective Investment Scheme (Ұжымдық инвестициялау схемасы)
ESMA	European Securities and Markets Authority (Еуропа бағалы қағаздар және нарықтар басқармасы)
KASE	Kazakhstan Stock Exchange (Қазақстан қор биржасы)
LSE	London Stock Exchange (Лондон қор биржасы)
QIC	Qazaqstan Investment Corporation

Мазмұны

1	НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР	10
2	ҚАЗАҚСТАННЫҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУЫ	12
2.1	Қазақстанның ЖІӨ және тікелей инвестициялар	14
2.2	Қазақстандағы мемлекеттік қорлар: ҚРҰҚ және БЖЗҚ	18
2.3	Қазақстандағы бөлшек инвесторлар	22
2.4	Бағалы қағаздар нарығы және IPO	23
3	ҚАЗАҚСТАН ҚОРЛАРЫ ЦИФРЛАРДА	26
3.1	Қазақстан нарығы цифраларда	29
3.2	Инвестициялық пай қорлары	34
3.3	REIT қорлары	36
3.4	Тікелей инвестициялар қорлары және хедж-қорлар	38
3.5	Венчурлық капитал қорлары	42
4	ҚОРЛАРДЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ БАЗАСЫ	46
4.1	Ұлттық заңнамалық база	48
4.2	АХҚО заңнамалық базасы	50
4.3	Заңнамалық базалардағы негізгі айырмашылықтар	56
	Қосымшалар	58
	1-қосымша. Ұлттық заңнамалық база	60
	2-қосымша. АХҚО заңнамалық базасы	68

Негізгі тұжырымдар

Соңғы жылдары Қазақстандағы инвестициялық қорлар нарығы айтарлықтай сапалық және сандық өзгерістерге ұшырады. Қор нарығының құрылымы қорлардың жаңа түрлерінің және нарық субъектілерінің пайда болуына байланысты күрделеніп, кеңейе түсуде.

Бұл есепте ұлттық заңнамамен және АХҚО құқығымен реттелетін инвестициялық қорлардың қызметі қамтылып, нарықтың жан-жақты талдауы берілген.

Бұл бөлімде есептің елдегі инвестициялық қорларды басқаруға байланысты ағымдағы жағдайды, үрдістер және сын-тегеуіріндерді көрсететін негізгі тұжырымдар қамтылған.

→ 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстандағы реттелетін қорлардың басқаруындағы жиынтық активтер \$1,6 млрд немесе елдің ЖІӨ-сінің 0,5%-ын құрады.

→ Қазақстандағы реттелетін қорлардың жалпы саны 2020 жылдан бері үш есе өсті, 2025 жылдың қаңтарына қарай 175-ке жетті. Мұндай көрсеткіш АХҚО юрисдикциясында жаңа қорлардың тіркелуінің нәтижесі. АХҚО юрисдикциясы сондай-ақ тікелей инвестициялар қорларын, хедж-қорларды,

венчурлық капитал қорларын, REIT қорларын және тауар, несие, криптовалюта, бекітілген кірісі бар қорлар және umbrella қорлар сияқты басқа мамандандырылған қорларды қоса алғанда, қорлардың кең спектрін тіркеп, Қазақстан нарығындағы қор түрлерін әртараптандыруға үлес қосты.

→ Кәсіби клиенттерге ғана ұсынылатын тікелей инвестициялар қорлары мен хедж-қорлар Қазақстан нарығында басымдыққа ие, олардың үлесі басқарудағы активтердің жалпы көлемінің

шамамен 60%-ын және реттелетін қорлар санының 60%-дан астамын құрайды. 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мұндай қорлардың басқаруындағы активтердің жалпы көлемі \$980 млн құрады.

→ Өз кезегінде, бөлшек инвесторлар үшін қолжетімді инвестициялық пай қорларының басқаруындағы активтер \$190,2 млн құрады, бұл Қазақстандағы реттелетін қорлардың басқаруындағы активтердің жалпы көлемінің 12%-ға жуық баламасын білдіреді. Соңғы жылдары пай ұстаушылардың жалпы саны өскенімен, бұл көрсеткіш әлі де төмен. Өйткені бөлшек инвесторлар депозиттер мен жылжымайтын мүлік сияқты «классикалық» құралдарды таңдауда.

→ Бөлшек инвесторлардың ұжымдық инвестицияларға деген қызығушылықтарының салыстырмалы түрде төмен деңгейі осы сегменттің әлі іске асырылмаған әлеуетін көрсетеді. Бөлшек инвесторлар үшін тежеуші

факторлардың қатарында табыс деңгейін, қарыз жүктемесін және соның салдарынан инвестициялау үшін активтердің қолжетімділігін атауға болады. Бөлшек инвесторлар үшін бағдарлауға және инвестициялауға оңай, яғни «пайдалануға ыңғайлы» қорлардың болмауы да әсер етуші фактор болуы мүмкін.

→ Есепте сондай-ақ қорларға қатысты ұлттық және АХҚО заңнамалық базаларының толық сипаттамасын берілген. Негізгі айырмашылықтарға қорлардың құқықтық нысандары, қор түрлері мен мандаттары, рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі, басқарушы компаниялардың капиталына қойылатын талаптар жатады.

→ АХҚО озық реттеуші базаны қамтамасыз ете және жаңа құралдарды енгізе отырып, Қазақстандағы инвестициялық қорларды дамытуда маңызды рөл атқаруда. Басқарудағы активтердің және елдегі қорлар санының өсуіне жәрдемдесуден басқа,

АХҚО юрисдикциясы жаңа лицензияланатын компанияларға нарыққа шығуға мүмкіндік береді. АХҚО-да құрылған тәуелсіз қор басқарушылары қорлардың кең спектрін ұсынады және елдегі қор индустриясының дамуына ықпал етеді. АХҚО қатысушылары клиенттік база, құралдар мен география тұрғысынан өз қызметін одан әрі кеңейтеді деп күтілуде.

Қазақстанның макроэкономикалық шолуы

2-тарау

Негізгі тұжырымдар

→	→	→
Қазақстан тұрақты экономикалық өсімді көрсетуді жалғастыруда. Елдің 2024 жылғы жалпы ішкі өнімі шамамен \$292,6 млрд долларды құрады.	2024 жылы ТШИ жалпы ағыны негізінен сауда, мұнай-газ және металлургия секторларында болып, \$17,2 млрд құрады.	Ірі мемлекеттік қорлардың – ҚРҰҚ және БЖЗҚ активтері тиісінше \$58,8 млрд және \$42,7 млрд астамды құрады.
→	→	
Жеке басқарушы компаниялардың басқаруындағы зейнетақы активтерінің көлемі зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің кемінде 1%-ын құрайды.	Банктік депозиттер мен жылжымайтын мүлік бөлшек инвесторлар үшін негізгі инвестициялық құрал болып қалуда.	


2.1

Қазақстанның ЖІӨ және тікелей инвестициялар

Қазақстан экономикасы Орталық Азиядағы ең ірі экономика және тұрақты өсім көрсетуде. Елде экономиканың түрлі секторларына инвестиция тарту үшін қолайлы жағдайлар қамтамасыз етілуде.

IMF-тың алдын ала бағалауы бойынша елдің ЖІӨ 2024 жылдың қорытындысы бойынша **\$292,6 млрд құрады**. Қазақстан экономикасы 2029 жылға қарай \$387 миллиардқа, 2050 жылға қарай \$900 миллиардқа жетеді деп болжануда. Жақында Қазақстан 2029 жылы нысаналы номиналды ЖІӨ **\$450 млрд мөлшерін құрайтынын жариялады.¹**

1-сурет.
Қазақстанның ЖІӨ,
\$ млрд., 2014-2050
Дереккөз: ҰСБ, IMF, Goldman Sachs




¹ akorda.kz

2024 жылы ТШИ жалпы ағыны **\$17,2 млрд** құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 27%-ға аз және бес жыл бұрынғы деңгейге дейін төмендеді.


Бұл пандемиядан кейінгі кезеңде байқалған және 2022 жылы шарықтау шегіне жеткен оң үрдістен айтарлықтай ауытқуды көрсетеді.

2-сурет.
Тікелей шетелдік
инвестициялардың ағыны,
\$ млрд. (2014-2024)
Дереккөз: ҚРҰБ



2024 жылдың қорытындысы бойынша экономика секторы бойынша ТШИ жалпы ағынының құрылымында көшбасшы сала өзгерді. Мәселен, сауда секторы 2024 жылы ТШИ жалпы көлемінің үштен бір бөлігін тарта отырып, өткен жылдардағы көшбасшы – мұнай-газ секторының орнын басты. Олардан кейін металлургия мен өңдеу өнеркәсібі орналасқан.


- Мұнай және газ
- Металлургия өнеркәсібі
- Сауда
- Өңдеу өнеркәсібі
- Көлік және логистика
- Қаржы және сақтандыру
- Құрылыс
- Басқа



2024 ж. барлығы: \$17.2 млрд.

ТШИ ағынының елдік құрылымы да 2024 жылы өзгерді, осы жылдың қорытындысы бойынша Ресей елдегі ең ірі инвестор, ал Нидерланды екінші орынға тұрақтады. Басқа ірі инвесторлар қатарында Оңтүстік Корея, Бельгия және Қытай бар.

4-сурет.
Серіктестер бөлінісіндегі тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны, % (2024)
Дереккөз: ҚРҰБ



2.2 Қазақстандағы мемлекеттік қорлар: ҚРҰҚ және БЖЗҚ


Қазақстанда екі ірі мемлекеттік қор бар: ҚРҰҚ және БЖЗҚ.

2000 жылы құрылған **ҚРҰҚ** – ұлттық экономиканы тұрақтандыруға және болашақ ұрпақ үшін жинақ қалыптастыруға арналған егеменді әл-ауқат қоры. Қордың негізгі кірісі елдің мұнай-газ секторынан түседі, осы табиғи ресурстардан түсетін табыс ұзақ мерзімді инвестицияларға бағытталады.


ҚРҰҚ инвестициялық стратегиясы акциялар, облигациялар және балама инвестициялар сияқты шетелдік активтерді қамтитын әртараптандырылған портфельге бағытталған. Кей жағдайларда ҚРҰҚ отандық қаржы құралдарына инвестициялауға да рұқсат берілген.

5-сурет.
Ұлттық қор активтері,
кезең соңы, \$ млрд.
(2014-2024)

Дереккөз: ҚРҰБ




Халықаралық активтердің кең ауқымына инвестициялау арқылы ҚРҰҚ шикізат бағасының ауытқуымен байланысты тәуекелдерді азайтуға, сондай-ақ Қазақстанның тұрақты экономикалық өсуі мен қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етуге ұмтылады. 2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша ҚРҰҚ активтері **\$58,8 млрд** құрады.



ҚРҰБ деректеріне сәйкес 2024 жылы ҚРҰҚ активтерінің 94% жинақ портфельге орналастырылды. Жинақ портфель аясында 55% бекітілген кірісі бар құралдарға инвестицияланды, бұл ретте акциялардың үлесі өткен жылмен салыстырғанда өсті.

7-сурет.
Ұлттық қордың жинақ портфелі,
% (2024)
Дереккөз: ҚРҰБ



ҚРҰҚ активтерін ҚРҰБ және сыртқы басқарушылар басқарады. Егер активтерді басқарушы компания АХҚО-да орналасқан жағдайда, ҚРҰҚ активтерін мұндай әлеуетті басқарушы ҚРҰБ қағидаларына сәйкес бағалау жүйесінде қосымша балл алады.²

² Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыртқы басқарушыларды таңдау қағидалары

Қазақстан **БЖЗҚ** еңбекке жарамды халықтың міндетті зейнетақы төлемдерін басқара отырып, еліміздің әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінде шешуші рөл атқарады. БЖЗҚ бұл қаражатты болашақ зейнеткерлерге зейнетақы төлемдерін қамтамасыз ететін кіріс алу үшін инвестициялайды.

Отандық және халықаралық активтерді қамтитын БЖЗҚ-ның инвестициялық стратегиясы әртараптандырылған тәсілмен сипатталады.

2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша БЖЗҚ активтерінің **71,7%-ы** мемлекеттік және корпоративтік борыштық міндеттемелерге орналастырылды.


Олардың жалпы үлесі 2016 жылғы 88%-дан дерлік төмендеді. Дегенмен, мемлекеттік қарыздың рөлі 2016 жылғы 47,9%-дан 2024 жылдың соңына қарай 55,6%-ға дейін өсті, ал корпоративтік қарыздың үлесі осы кезеңде 40%-дан 16,1%-ға төмендеді.

- Мемлекеттік облигациялар
- Корпоративтік облигациялар
- Ақша
- Акциялар
- Басқа активтер

БЖЗҚ инвестицияларды мемлекеттік және корпоративтік облигациялар, акциялар, ақша қаражаттары және басқа да активтер сияқты активтердің әртүрлі кластары бойынша сақтайды. 2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша БЖЗҚ активтері шамамен **\$42,7 млрд** құрады.


8-сурет. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтері, кезең соңы, \$ млрд. (2014-2024)

Дереккөз: БЖЗҚ



9-сурет. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі активтерінің құрылымы, % (2014-2024)

Дереккөз: ҚРҰБ




2021 жылдың қаңтарында Қазақстан азаматтарына зейнетақы жинақтарынан жеткіліктілік шегінен асатын қаражатты тұрғын үй сатып алуға, емделуге немесе жеке басқарушы компанияларға аударуға алу құқығы берілді.

2023 жылдың 1 шілдесінен бастап жинақтаушыларға жинақталған зейнетақы қаражатының 50%-ға дейінгі бөлігін активтерді басқару жөніндегі жеке компанияларға аударуға рұқсат етілді. Бұған дейін аударымдарды жеткіліктілік шегінен асатын сомаға ғана рұқсат етілетін.

10-сурет. 2021 жылғы қаңтардан бастап 2024 жылғы қыркүйектің соңына дейін БЖЗҚ-дан қаражат алуға мақұлданған өтініштердің саны мен сомасы

Дереккөз: БЖЗҚ



Саны жағынан да, көлемі жағынан да қордан ең көп қаражат алу 2021 жылы болды. Бұл, ең алдымен, 2022 жылдан бастап зейнетақы жинақтары үшін жеткіліктілік шегінің айтарлықтай артуына байланысты болды. 2021 жылы зейнетақы қаражатының алынуы айтарлықтай әсер етті, бұл бастапқы және қайталама нарықтардағы тұрғын үй бағасының күрт өсуіне ықпал етті (12-сурет).

Бұл ретте активтерді басқару жөніндегі жеке компанияларға аударылған зейнетақы активтерінің көлемі 2024 жылғы қыркүйектің соңындағы жалпы аударымдардың 2%-ын және жалпы көлемнің 1%-ын құрайтын пропорционалды емес төмен деңгейде қалды³

Ұлттық реттеу жүйесі аясында жұмыс істейтін 21 басқарушы компанияның тек 5-і ғана зейнетақы активтерін басқару құқығына ие.

Жеке басқарушылар басқаратын зейнетақы активтерінің сомасы **\$120 миллионды** құрады, бұл 2024 жылғы қыркүйектің соңындағы жалпы зейнетақы активтерінің **0,3%-ын ғана құрайды**.⁴

³ enpf.kz / ⁴ gov.kz

2.3 Қазақстандағы бөлшек инвесторлар

Банктік депозиттер мен жылжымайтын мүлік Қазақстандағы бөлшек инвесторлар үшін негізгі инвестициялық құрал болып қалуда.

2024 жылғы желтоқсанда базалық мөлшерлеме 15,25%, ал жылдық тұтыну бағаларының индексі 8,7% болған кезде теңгедегі депозиттер бойынша нақты сыйақы мөлшерлемесі (бөлшек және корпоративтік клиенттер үшін де) 6%-ды құрады.


2024 жылы депозиттер \$78,8 млрд немесе ЖІӨ-нің 27%-ын құрады, оның \$43,1 млрд – бөлшек депозиттер және \$35,7 млрд – корпоративтік депозиттер.

11-сурет.

Депозиттер, кезең соңы, \$ млрд. (2017-2024)

Дереккөз: ҚРҰБ

Корпоративтік депозиттер, \$ млрд. ●
Бөлшек депозиттер, \$ млрд. ●
Жалпы депозиттер, ЖІӨ-нің % ●



Халық арасында жинақтарды бөлудің тағы бір тәсілі саналатын жылжымайтын мүлік нарығы 2021 жылы мәмілелер саны бойынша шарықтау шегіне жетті.


Жоғарыда айтылғандай, тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығы БЖЗҚ-дан қаражаттың алынуымен ынталандырылды. 2024 жылы бір шаршы метрдің орташа бағасы \$ 1 066 долларға (немесе 500,2 мың теңгеге) жетті.

12-сурет.

Тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығында жасалған мәмілелер саны мен бағалары, (2015-2024)

Дереккөз: ҰСБ

Мәмілелер саны ●
Орташа баға, \$/м² ●



2.4 Бағалы қағаздар нарығы және IPO

Қазақстанның бағалы қағаздар нарығы соңғы жылдары айтарлықтай өсті және елде бірнеше ірі ұлттық IPO-лар өтті – Қазатомөнеркәсіп, ҚазМұнайГаз және Эйр Астана сияқты компаниялар жария компания атанды.

Бөлшек инвесторлар Қазақстанның бағалы қағаздар нарығына белсенді түрде қатысуда, бұл өз инвестицияларын әртараптандыру қажеттілігімен, нарыққа қолжетімділіктің жақсаруымен және қаржылық сауаттылықтың өсуімен байланысты.

Тек жергілікті инвесторлар үшін ашылған ҚазТрансОйл және KEGOC IPO-ларында бөлшек инвесторлар ең көп үлесті құрады. ҚазМұнайГаз бен Эйр Астананың соңғы екі IPO-сында жергілікті бөлшек және институционалдық инвесторлардың үлесі тең болды.

Бөлшек инвесторларда қазір акциялар, облигациялар және биржалық сауда қорлары (ETF) сияқты көптеген бағалы қағаздарға инвестициялау мүмкіндігі көбірек. Технологиялық жетістіктер мен онлайн-сауда платформаларының өсуі инвестицияларды демократияландыруда шешуші рөл атқарды, бұл бөлшек инвесторларға бағалы қағаздарды оңай сатып алуға және сатуға мүмкіндік береді.

Институционалдық инвесторлардың тарапынан да елдің экономикалық тұрақтылығы және өсу әлеуетіне байланысты Қазақстанның бағалы қағаздар нарығына қызығушылық өсіп келе жатыр. Зейнетақы қорлары, егеменді әл-ауқат қорлары және активтердің халықаралық басқарушылары сияқты ірі институционалдық ойыншылар өздерінің портфельдерін қазақстандық активтер арқылы әртараптандырудың артықшылықтарын мойындайды. Мысалы, Эйр Астананың 2024 жылғы ақпандағы IPO-сына 70-тен астам институционалдық инвестор қатысты.


Елдің корпоративтік басқару және орнықтылық саласындағы озық халықаралық тәжірибелерді енгізуге деген ұмтылысы осы институттардың инвестициялық өлшемшарттарына сәйкес келеді. Нәтижесінде қазақстандық бағалы қағаздарға институционалдық инвестициялар өсіп, нарықтың тереңдігі мен өтімділігінің арттыруына ықпал етуде.

13-сурет.

Бөлшек және институционалдық инвесторлардың IPO-дағы үлесі, %


Дереккөз: kursiv.media, kase.kz

KazTransOil (KASE, 2012)




● Бөлшек (KZ)
● Институц. (KZ)
● Шетелдік. инв.


KEGOC (KASE, 2014)




КазМұнайГаз (AIX, KASE, 2022)



Kazatomprom (AIX, LSE, 2018)



Air Astana (AIX, KASE, LSE, 2024)




AIX QAZAQ INDEX

2021 жылы іске қосылған AIX Qazaq Index – AIX, KASE, LSE және NASDAQ қор биржаларында саудаланатын қазақстандық және Қазақстанмен байланысты компаниялардың акциялары мен GDR-бағалы қағаздарын қамтитын нарықтық капиталдандыру бойынша өлшенген индекс. AIX Qazaq Index – бұл төленген дивидендтерге түзетілмейтін және дивидендтерді төлеуден туындаған құлдыраудан қорғалмаған баға индексі.

14-сурет. AIX Qazaq Index индексінің құрылымы

Дереккөз: AIX




15-сурет. AIX Qazaq Index индексінің динамикасы

Дереккөз: AIX

Қазақстандық компаниялар – Қазақстанда тіркелген, немесе кәсіпкерлік кірісі ішінара немесе толығымен Қазақстанда алынған немесе операциялық қызметінің маңызды бөлігі Қазақстанда болатын компаниялар.

AIX Qazaq индексі қор нарығындағы соңғы оқиғаларға оң назар етті және 2025 жылдың 31 наурыздағы жағдай бойынша 1 533,51 деңгейінде өткен жылдағы өсімді тіркеді.⁵



⁵ Index Data | AIX



АХҚО аясындағы сенімді серіктесіңіз

Компания туралы

OD Consulting Ltd. — АХҚО аясында жұмыс істейтін бизнес және бизнесті реттеу саласындағы жетекші консалтингтік фирма. 2020 жылдан бастап біз клиенттерімізге лицензия алу мен келісімдерді құрылымдаудан бастап, АХҚО және АХҚО қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитеті талаптарына сай толық дайындыққа дейін құқықтық, реттеуші және операциялық мәселелер бойынша кешенді қолдау көрсетеміз. Біздің клиенттеріміз — активтерді басқарушылар, брокерлер, дилерлер, төлем платформалары, инвестициялық кеңесшілер, ислам қаржыландыру компаниялары, құрылыс компаниялары және майнинг пулдары — біздің қолдауымызбен АХҚО экожүйесіне сенімді түрде кіреді.

Негізгі жетістіктер

15+ реттелетін лицензияны алуға көмектестік, негізінен активтерді басқару компаниялары үшін АХҚО-да **150+** компанияны тіркедік, соның ішінде инвестициялық қорлар, SPV және редомициляцияланған компаниялар АХҚО құрылымдары арқылы клиенттердің салықтық міндеттемелерін **16+** млрд ₸ көлемінде тиімді еттік

Zubr Capital арқылы АХҚО-ға **55** млрд ₸ көлемінде инвестиция тартуға ықпал еттік 2024 жылы АХҚО компаниялары арасында **“Aspiration of the Year”** марапатына ие болдық **260+** млрд теңгеге облигациялар шығарылып, **88** млрд ₸ 2024 жылы AIX биржасында орналастырылды.

Біздің қызметтеріміз

- АХҚО және АХҚО қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитеті мәселелері бойынша кеңес беру
- Қаржы компанияларын лицензиялау бойынша қолдау көрсету
- Инвестициялық қорлар мен SPV құрылымдау
- АХҚО механизмдері арқылы салықтық құрылымдау
- Үлестік және венчурлік инвестициялар бойынша келісімдерге құқықтық қолдау көрсету
- Облигациялар шығару және капитал нарықтарындағы (AIX) операциялар бойынша кеңес беру

Лицензияны сәтті алу үшін кеңестер

- Лицензиялау саласындағы мол тәжірибемізге сүйене отырып, біз компанияларға кідірістерден аулақ болып, операциялық қызметті тез бастауға мүмкіндік беретін төрт негізгі факторды атап өтейік:
- Жоба стратегиялық жетекшісін тағайындаңыз:** Компания атынан реттеуші органмен өзара іс-қимыл жасау, лицензиялау процесін үйлестіру, жедел шешімдер қабылдау және консультанттармен жұмысты ұйымдастыру үшін бір акционерді немесе топ-менеджерді өкілетті тұлға ретінде тағайындау қажет. Оның белсенді қатысуы барлық қатысушылардың келісімді жұмыс істеуі және лицензияны кешіктірмей алу үшін өте маңызды.
 - Негізгі лауазымдарға кандидаттарды алдын ала таңдаңыз:** Білікті компаенс офицері мен MLRO (АЖ/ТҚҚ іс-қимыл жөніндегі офицері) іздеу біраз уақытты талап етеді. Кандидаттарды мүмкіндігінше ертерек іздеуді бастап, қажетті тексерістерді жүргізіп, ұзақ мерзімді ынтымақтастық туралы келісуді ұсуыңыз керек.
 - Комплаенс-офицерін алғашқы күннен бастап қосыңыз:** Компаенс-офицерді лицензиялау процесіне алғашқы күннен бастап араласуы қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитеті талаптарына сай ішкі жүйелер мен бақылауды бірден қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде болашақта түзетулер енгізу қажеттілігін азайтып, лицензияны алғаннан кейін операциялық қызметке шығу уақытын айтарлықтай қысқартады.
 - Бухгалтерлік функцияларды алдын ала ұйымдастырыңыз:** OD Consulting компаниясы АХҚО-да лицензияланған компанияларға бухгалтерлік қызметтер мен регуляторлық талаптарды орындау бойынша қолдау көрсетеді. Бұл біздің клиенттерімізге алғашқы күннен бастап барлық талаптарды орындауға және лицензияны алғаннан кейін бірден өз қызметін толыққанды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

OD Consulting — Сіздің сенімді серіктесіңіз барлық кезеңдерде: лицензия алу өтінімін тапсырудан бастап, жұмысқа дайын компанияны іске қосуға дейін. Бізбен байланысу үшін **sales@odc.kz** немесе веб-сайтқа кіріңіз **www.odc.kz**

Қазақстан қорлары цифрларда

3-тарау

Негізгі тұжырымдар

→	→	→	→
Қазақстандағы реттелетін қорлардың басқаруындағы активтердің жалпы көлемі 2024 жылдың қорытындысы бойынша \$1,6 млрд құрады.	Реттелетін қорлардың басқаруындағы активтердің 60%-дан астамы тікелей инвестициялар қорлар мен хедж-қорларға тиесілі.	Соңғы бес жылда Қазақстандағы реттелетін қорлардың саны үш есе артып, 175-ке жетті. АХҚО юрисдикциясы мұндай өсімге және нарықты әртараптандыруға ықпал етуде.	Қазақстандағы реттелетін қорлар санының 60%-дан астамын тікелей инвестициялар қорлары мен хедж-қорлар құрайды, олардан кейін 15% үлеспен инвестициялық пай қорлары және 9% үлеспен REIT қорлары орналасқан.

3.1 Қазақстан нарығы цифраларда

Қорлардың түрлеріне қатысты ұлттық және АХҚО реттеу жүйелеріндегі айырмашылықтарға байланысты осы есепте ұлттық реттеу шеңберінде қорлардың баламалы жіктелімі қолданылды.

Қазіргі ұлттық нормативтерге сәйкес тәуекелмен инвестициялайтын жабық инвестициялық пай қорларын және тәуекелмен инвестициялайтын акционерлік инвестициялық қорларын қамтитын тәуекелі жоғары инвестициялық қорларға тек кәсіби инвесторларға ғана инвестициялауға рұқсат етіледі. Мұндай қорлардың инвестициялық стратегиясы мен мандатын ескере отырып, тәуекелмен инвестициялайтын жабық инвестициялық пай қорлары «хедж-қорлар»⁶ ретінде, ал тәуекелмен инвестициялайтын акционерлік инвестициялық қор «тікелей инвестициялар қорлары немесе хедж-қорлар»⁷ ретінде жіктеледі.

Осы есептің мақсаттары үшін реттеудің ұлттық жүйесімен реттелетін қорлар түрлері былай аталатын болады:

→ Инвестициялық пай қоры (ашық, аралық, жабық) – Инвестициялық пай қоры

→ Жылжымайтын мүлік акционерлік инвестициялық қоры – «REIT қоры»

→ Тәуекелмен инвестициялайтын жабық инвестициялық пай қоры – «хедж-қоры»

→ Тәуекелмен инвестициялайтын акционерлік инвестициялық қор – «тікелей инвестициялар қоры/ хедж-қоры»

Бұл жіктеу ұлттық заңнамада белгіленбеген және тек осы есептің мақсаттары үшін ғана пайдаланылады.

Акционерлік инвестициялық қорлар мен исламдық инвестициялық қорлар 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда тіркелмегендіктен, олар осы есепте қарастырылмайтынын ескеріңіз.

⁶ Басқарушы компаниялардың ресми веб-сайттарындағы жалпыға қолжетімді ақпаратты талдау тәуекелмен инвестициялайтын жабық инвестициялық пай қорларының әдетте кең инвестициялық мандаты бар екенін көрсетеді. Бұл мандаттарға көбінесе жергілікті және шетелдік қор биржаларында тіркелген жоғары табысты компаниялардың акциялары кіреді. Нәтижесінде, мұндай қорлар хедж-қорлар ретінде жіктеледі, себебі олардың мақсаты әртүрлі және көбінесе тәуекелді инвестициялық стратегиялар арқылы жоғары табысқа жетуді көздейді.

⁷ Акционерлік қоғам ұйымдық нысанында құрылған тәуекелді инвестициялық қор тікелей инвестициялар қорының стратегияларын да, хедж-қорлардың стратегияларын да пайдалана алады деп болжанады.

Есепте тек ҚНРДА немесе AFSA қадағалайтын реттелетін қорлар назарға алынған. Демек, басқарудағы активтердің мөлшері, қорларды басқарушылардың саны және қорлар саны туралы деректерге реттелетін қор құрмай-ақ жеке тікелей инвестициялар немесе венчурлық инвестициялау стратегиясын жүзеге асыратын мемлекеттік қорлар, активтерді басқарушылар немесе жеке компаниялар кірмейді. Осылайша, ұсынылған деректер реттелетін қызмет ретінде қорларды басқаруды ғана көрсетеді және Қазақстан нарықтың кең ауқымына шолу жасамайды.

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстандағы реттелетін қорлардың басқаруындағы активтердің жалпы көлемі \$1,6 млрд құрады, бұл елдің ЖІӨ-нің шамамен 0,5%-ын құрайды.

2025 жылғы 1 қаңтардағы негізгі көрсеткіштер

Басқарудағы жалпы активтер

\$1.6 млрд.

Басқарушы компаниялар
78

Реттелетін қорлар
175

Ұлттық реттеу

АХҚО реттеуі

Басқарудағы активтер

\$0.8 млрд.

Басқарудағы активтер

\$0.8 млрд.

Басқарушы компаниялар

21

Басқарушы компаниялар

57

Реттелетін қорлар


74

Реттелетін қорлар

101

Ұлттық реттеу қоластындағы қорлардың активтері құбылуға шалдығып, 2022 жылғы құлдыраудан кейін қалпына келуде. Сонымен қатар, АХҚО реттейтін қорлардың басқаруындағы активтер көлемі соңғы жылдары тұрақты өсуді көрсетуде.


16-сурет.
Қазақстандағы реттелетін қорлардың басқаруындағы активтер
Дереккөз: ҚНРДА, ҚРҰБ, AFSA




Тікелей инвестициялар қорлары мен хедж-қорлар Қазақстандағы реттелетін қорлардың басқаруындағы жалпы активтердің 60%-дан астам үлесімен ең үлкен үлесін құрайды.

Бұл қорлар, сондай-ақ, тиісінше 64% және 60% астам үлестерімен ұлттық және АХҚО реттеуі бойынша жұмыс істейтіндер арасында активтері бойынша көш бастап тұр.

17-сурет.
Ұлттық реттеудегі қор түрлері бойынша басқарудағы активтер
Дереккөз: ҚНРДА, ҚРҰБ



18-сурет.
АХҚО реттеуіндегі қор түрлері бойынша басқарудағы активтер
Дереккөз: AFSA




Қазақстандағы реттелетін қорлардың жалпы саны 2020 жылдан бері үш еседен астам өсіп, 2024 жылдың қаңтарына қарай 175-ке жетті. Бұл нәтиже АХҚО юрисдикциясында жаңа қорларды тіркеудің арқасында мүмкін болды.

Қазақстандағы реттелетін қорлар санының шамамен 60%-ын тікелей инвестициялар қорлары мен хедж-қорлар құрайды, олардан кейін 15% үлеспен инвестициялық пай қорлары және 9% үлеспен REIT қорлары орналасқан.

19-сурет.
Қазақстандағы реттелетін қорлар саны
Дереккөз: ҚНРДА, AFSA


● Ұлттық реттеу
● АХҚО реттеуі



АХҚО юрисдикциясы тікелей инвестициялар қорларын, хедж-қорларды, венчурлық қорларды, REIT қорларын және тауар, несие, криптовалюта, тұрақты кіріс

қорлары, ETF және umbrella қорлары сияқты басқа да мамандандырылған қорларды қоса алғанда, қорлардың кең спектрін ұсына отырып, Қазақстан нарығындағы қор түрлерін әртараптандыруға үлес қосқанын атап өткен жөн.

20-сурет.
Қорлардың түрлері
Дереккөз: ҚНРДА, AFSA




3.2 Инвестициялық пай қорлары

Осы бөлімде келтірілген деректер ұлттық заңнамаға сәйкес жұмыс істейтін инвестициялық пай қорларын қамтиды⁸. Мұндай қорлар 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша АХҚО-да тіркелмеген.

21-сурет.
Ұлттық реттеудегі инвестициялық пай қорларының басқаруындағы активтер

Дереккөз: ҚНРДА, ҚРҰБ



2025 жылғы 1 қаңтардағы негізгі көрсеткіштер

Басқарудағы жалпы активтер

\$190.2 млн.

Басқарушы компаниялар

11

Реттелетін қорлар

27

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша инвестициялық пай қорларының басқаруындағы жалпы активтер \$190,2 млн құрады. Қазіргі уақытта 27 қор 11 басқарушы компанияның басқаруында.


Инвестициялық пай қорлары басқаратын активтердің жалпы көлемі қарастырылып отырған кезеңде айтарлықтай қысқарды, бұл 2021 жылдың ең жоғары көрсеткіштерінен екі есеге жуық қысқарды. Ашық және аралық пай қорлары⁹ үшін басқарудағы активтердің жалпы көлемі минималды және шамамен 1% құрайды.

⁸ Ашық, аралық және жабық инвестициялық пай қорлары. Тәуекелмен инвестициялайтын жабық инвестициялық пай қорлары хедж-қорлар ретінде есепке алынды.

⁹ Тәуекелмен инвестициялайтын жабық инвестициялық пай қорларын қоспағанда


Пайшылардың жалпы саны өсіп, 2020 жылы 1 457-ден 2024 жылы 10 813-ке дейін жетті. Бұл өсім негізінен инвесторлардың шамамен 99%-н құрайтын аралық пай қорларына байланысты болды. Бұдан басқа, пайшылардың шамамен 99% – жеке тұлғалар.¹⁰

22-сурет.
Инвестициялық пай қорларының саны
Дереккөз: ҚНРДА



¹⁰ ҚНРДА

23-сурет.
Пайшылардың саны
Дереккөз: ҚНРДА



3.3 REIT қорлары

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ұлттық заңнама шеңберінде реттелетін REIT қорлары басқаратын активтер көлемі \$82 млн құрады.

АХҚО-дағы REIT қорларының басқаруындағы активтер ашып көрсетілмейді, олар АХҚО-ның қорлар басқарушыларының басқаруындағы активтердің жалпы көлеміне енгізілген.

Ұлттық заңнамамен реттелетін REIT қорларының басқаруындағы активтер көлемі соңғы жылдары төмендеп келеді, 2024 жылы 4 еседен астам қысқаруымен айтарлықтай құлдырау байқалды.

24-сурет. Ұлттық реттеудегі REIT қорларының басқаруындағы активтер
Дереккөз: ҚРҰБ

2025 жылғы 1 қаңтардағы негізгі көрсеткіштер

Басқарудағы жалпы активтер

\$82 млн.


Басқарушы компаниялар

7

Реттелетін қорлар

15


Қазіргі уақытта Қазақстанда 15 REIT қорын басқаратын 7 басқарушы компания жұмыс істейді, оның ішінде 4 қор АХҚО реттеуінде. Бұл REIT қорлары әртүрлі жылжымайтын мүлік объектілерін, соның ішінде сауда орталықтары мен бизнес орталықтарын басқарады.



Керісінше, Қазақстанда REIT қорларының саны өсуде. Бұл, негізінен, АХҚО юрисдикциясында жаңа қорлардың тіркелуіне байланысты.

25-сурет. REIT қорлар басқарушыларының саны
Дереккөз: ҚНРДА, AFSA

- Ұлттық реттеу
- АХҚО реттеуі



26-сурет. REIT қорлардың саны
Дереккөз: ҚНРДА, AFSA

- Ұлттық реттеу
- АХҚО реттеуі



3.4

Тікелей инвестициялар қорлары және хедж-қорлар

Тікелей инвестициялар қорлары мен хедж-қорлар ұлттық заңнама шеңберінде де, АХҚО реттеуі шеңберінде де тек кәсіби клиенттерге ғана қолжетімді.¹¹

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тікелей инвестициялар қорлары мен хедж-қорлардың басқаруындағы жалпы активтер \$980 млн астам құрады. Қазіргі уақытта 111 қорды 47 басқарушы компания басқарады.

¹¹ Есепте ұлттық реттеуде анықталғандай «білікті инвестор» терминінің орнына «кәсіби инвестор» термині пайдаланылады. Бүкіл мәтінде «клиент» және «инвестор» терминдері бір-бірінің орнына қолданылатынын ескеріңіз.

Ұлттық заңнамаға сәйкес жеке тұлға мынадай талаптардың біріне немесе бірнешеуіне сәйкес келген жағдайда білікті инвестор деп танылады:

1. Қаржылық, экономикалық, математикалық немесе ақпараттық технологиялар саласында жоғары білімі бар;

2. Мына халықаралық сертификаттардың кем дегенде біреуі бар: CFA, CIA, FRM немесе олардың эквиваленттері;

3. Қаржы құралдарымен және инвестициялық операциялар жасаумен тікелей байланысты салаларда кемінде үш жыл кәсіби тәжірибесі бар;

4. 8 500 айлық есептік көрсеткіштен асатын сомада қаржы активтерінің болуы;


5. Он екі ай ішінде қаржы құралдарымен жасалған кемінде 50 мәміле.

АХҚО реттеуіне сәйкес, кәсіби клиент - бұл Deemed Professional Client (ұлттық немесе өңірлік үкімет; мемлекеттік қарызды басқаратын мемлекеттік орган; орталық банк; халықаралық немесе ұлттан жоғары ұйым) немесе Assessed Professional Client (таза активтері кемінде \$100 000 құрайтын клиент; және/немесе тиісті қаржылық өнімдер, қаржылық қызметтер, транзакциялар және олармен байланысты тәуекелдер туралы жеткілікті кәсіби тәжірибесі және түсінігі бар).



27-сурет. Қазақстандағы тікелей инвестициялау қорларының және хедж-қорлардың басқаруындағы активтер

Дереккөз: ҚРҰБ, AFSA




Ұлттық заңнама шеңберінде тікелей инвестициялар қорлары мен хедж-қорлардың басқаруындағы активтер көлемінің шамамен 98% тәуекелмен инвестициялайтын жабық инвестициялық пай қорларынан түседі. Сонымен қатар, тәуекелмен инвестициялайтын акционерлік инвестициялық қорлардың үлесі шамалы.

2020 жылдан бастап Қазақстандағы тікелей инвестициялар қорлары мен хедж-қорлардың жалпы саны бес есе өсіп, 2025 жылдың қаңтарына қарай 111-ге жетті. Бұл өсім АХҚО аясында жаңа қорларды тіркеуге де байланысты.

28-сурет. Тікелей инвестициялау қорларының және хедж-қорлардың саны

Дереккөз: ҚНРДА, AFSA



2012-2022 жылдардағы Қазақстанның тікелей инвестициялар нарығы туралы есептің¹² негізгі қорытындылары.

Бұл деректер реттелетін қорлар орындаған мәмілелерді ғана емес, тікелей инвестициялар қорлары мен отбасылық кеңселер жасаған барлық ашылған мәмілелерді қамтитынына назар аударыңыз.

¹² Қазақстандағы тікелей инвестициялар нарығына шолу. Baker Tilly Qazaqstan Advisory, Qazaqstan Investment Corporation. 2023

Негізгі көрсеткіштер

Басқарудағы активтер

\$107 млрд.

\$12.6млрд.

Dry powder

Қазақстанда жұмыс істейтін барлық тікелей инвестициялар қорлары мен олардың басқарушы компанияларының басқаруындағы активтер және пайдаланылмаған қаражаты (dry powder) туралы ашылған ақпарат.

2012-2022 жалдардағы M&A транзакциялар

Көлемі

\$49млрд.

\$4.8млрд

Тікелей инвест. қорлары және басқарушы комп.

Саны

423

88

Тікелей инвест. қорлары және басқарушы комп.


Аталған кезеңде \$49 млрд сомасына 423 M&A мәмілесі жабылды, оның 66%-ы квазимемлекеттік мекемелермен, 33%-ы халықаралық инвесторлармен, 1%-ы жергілікті қорлармен байланысты болды.

Тікелей инвестициялар қорлары жалпы сомасы \$4.8 млрд болатын 88 мәмілені жапты, QIC мемлекеттік қорлары осы мәмілелердің 45%-на қатысты.

29-сурет.

Тікелей инвестициялау қорлары мен отбасылық кеңселер жапқан M&A мәмілелердің көлемі мен саны

● Мәмілелер көлемі, \$ млн.
— Мәмілелер саны



30-сурет.

Тікелей инвестициялау қорлары мен отбасылық кеңселер жапқан M&A мәмілелердің секторлары, \$ млн.



3.5

Венчурлық капитал қорлары

Осы есептегі қорлар мен басқарушы компаниялардың саны туралы статистика тек ҚНРДА және AFSA реттейтін венчурлық қорларды ескереді. ҚНРДА деректері бойынша, ұлттық реттеу қоластындағы венчурлық қорлар әлі тіркелген жоқ. АХҚО құқықтық базасы шеңберінде 3 басқарушы компанияның басқаруындағы 5 венчурлық қор жұмыс істейді.¹³

Көпшілікке қолжетімді ақпаратты талдау көрсеткендей, венчурлық қаржыландырумен айналысатын компаниялар әрдайым қор түрінде ұйымдастырыла бермейді және реттеушілердің реттеуінен тыс жұмыс істей алады.

Венчурлық капитал нарығының көлемін бағалау үшін Орталық Азиядағы венчурлық капитал нарығы туралы есептегі¹⁴ венчурлық мәмілелердің көлемі туралы деректер пайдаланылды.

¹³ Егер AFSA-дан көбірек соманы тартуға арнайы рұқсат алынбаса, қор жазылымдардың жалпы көлемін \$100 млн (немесе басқа валюталардағы баламасы) сомасымен шектейді.

¹⁴ Орталық Азиядағы венчурлық капитал, 2-ші басылым. RISE Research

Негізгі көрсеткіштер 2025 жылғы 1 қаңтардағы

Басқарушы
компаниялар

3

Реттелетін
қорлар


5

31-сурет.

Қазақстандағы
венчурлық
қаржыландырудың
көлемі

Дереккөз:
Орталық Азиядағы
венчурлық
қаржыландыру, 2-ші
басылым, 2024. RISE
Research

● Мәмілелердің
көлемі



Бұл деректер реттелетін венчурлық қорлар жасаған мәмілелерді ғана емес, нарық қатысушылары жасаған барлық ашылған венчурлық мәмілелерді қамтитына назар аударыңыз.

32-сурет.

Венчурлық мәмілелердің саны мен көлеміндегі венчурлық қорлардың үлесі, 2024


Дереккөз: Орталық Азиядағы венчурлық қаржыландыру, 2-ші басылым, 2024. RISE Research

35%
Венчурлық қор


25%
Басқа

40%
Бизнес періште

Саны



Көлемі





БОЛАШАҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ СТРАТЕГИЯЛАР

Басқарушы компания | 2022 жылдан бері АХҚО қатысушысы

Fonte Capital — AFSA лицензиясына ие басқарушы компания, инвестициялық қызметке қатысты кең ауқымды реттелін қызмет түрлерін жүзеге асырады. Компанияның негізгі қызмет бағыты — инвесторлардың құқықтарын қорғауға, ашықтыққа және ұзақ мерзімді тұрақты нәтижелерге басымдық бере отырып, ұжымдық инвестициялық қорларды басқару.

2025 жылдың мамыр айындағы жағдай бойынша Fonte Capital 20 қорды басқарады, оның ішінде Fonte Emerging Market Umbrella Fund бар — бұл әрқайсысының жеке инвестициялық портфелі, мақсаты, стратегиясы және активтері бар бірнеше ішкі қорлардан тұратын құрылым. Мұндай аймақтық тәсіл бірыңғай құрылым аясында жеке-лендірілген инвестициялық шешімдерді іске асыруға мүмкіндік береді.



Компания сонымен қатар цифрлық активтер бағытын дамытып, жаңа қаржы құралдарына қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Fonte Capital — АХҚО-ның реттеуі шеңберінде Қазақстанда биткойнға негізделген биржалық инвестициялық қорды (Fonte Bitcoin Exchange Traded Fund OEIC Plc, қысқаша BTEF) тіркеген алғашқы басқарушы компания болды.

Екі жыл ішінде Fonte Capital АХҚО-ның ұжымдық инвестициялар нарығындағы жетекші қатысушылардың біріне айналды. 2024 жылдың қыркүйегінде компания «Excellence in Fund Management» («Қорларды басқарудағы үздік тәжірибе») марапатына ие болды.

Fonte Capital келесі қызметтерді ұсынады:

- Ұжымдық инвестициялық қорларды басқару (босатылған қорлар);
- Ұжымдық инвестициялық қорларды басқару (босатылмаған қорлар);
- Инвестицияларды басқару;
- Қорларды әкімшілендіру;
- Инвестициялар жөнінде кеңес беру;
- Инвестициялық құралдар бойынша мәмілелерді ұйымдастыру.

www.fonte.kz



Қорлардың заңнамалық базасы

4-тарау

Негізгі тұжырымдар

→	→	→	→
Қазақстанда инвестициялық қорлар ұлттық заңнамалық базаға немесе АХҚО заңнамалық базасына сәйкес тіркеліп, жұмыс істей алады.	Ұлттық реттеу мен АХҚО реттеуінің негізгі айырмашылықтары – қорлардың заңды нысандары, қорлардың түрлері мен мандаттары, рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі, сондай-ақ басқарушы компаниялардың капиталына қойылатын талаптарға қатысты.	АХҚО юрисдикциясында тікелей инвестициялар және венчурлық капитал қорларын, REIT, ESG, ETF, umbrella қорларын және басқаларын қоса алғанда, қорлар түрлерінің кең тізбесін тіркеуге болады.	АХҚО-да қордың шетелдік басқарушысын тану көзделген.

4.1 Ұлттық заңнамалық база

Қаржы нарығы мен қаржы институттарын реттеуге, бақылауға және қадағалауға жауапты мемлекеттік орган¹⁵ – ҚНРДА Қазақстандағы инвестициялық қорлардың қызметіне қадағалауды жүзеге асырады.

Қазақстандағы инвестициялық қорлардың қызметін реттейтін негізгі заңнамалық акт «Инвестициялық және венчурлық қорлар туралы» заң болып табылады.¹⁶

33-сурет.

Ұлттық заңнама шеңберіндегі инвестициялық қорлардың түрлері

Ескерту:

*Ұлттық заңнамада «мамандандырылған қор» термині анықталмаған.

** Венчурлық қорларды құру құрылымдарына мыналар жатады: заңды тұлға құрмайтын жай серіктестік, акционерлік қоғам (АҚ) және шаруашылық серіктестігі.

¹⁵ Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы

¹⁶ Инвестициялық және венчурлық қорлар туралы - «Әділет» АИЖ

Бұл заң дауыс беретін акцияларының елу пайыздан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, олардың венчурлық қорлар құру жағдайларын қоспағанда, ұйымдарға қолданылмайды.

Қор құрылымдары

Заңға сәйкес, инвестициялық қорлар келесі нысандарда құрылуы мүмкін:

→ 1 ашық, аралық немесе жабық нысандарда құрылуы мүмкін инвестициялық пай қорлары

→ 2 акционерлік инвестициялық қорлар



Акционерлік немесе жабық инвестициялық пай қорлары ғана тәуекелмен инвестициялау қорлары бола алады.

Тәуекелмен инвестициялау қорының келесі құқықтары бар:

→ 1 қор активтерімен өтелінетін несиелерді тарту;

→ 2 басқарушы компанияның үлестес тұлғаларынан инвестициялық активтерді сатып алу немесе оларға компания басқаратын қор активтерін сату;

→ 3 бір заңды тұлғаның бір шығарылымындағы қаржы құралдарына активтерді орналастыру, бұл ретте инвестиция көлемі шығарылған осындай қаржы құралдарының жалпы көлемінің 15%-нан асуы мүмкін.

Бұдан басқа, ұлттық заңнама жылжымайтын мүлік қорларын, исламдық инвестициялық қорларды және венчурлық қорларды реттеуді қарастырады.

Жылжымайтын мүлік қорын тек акционерлік инвестициялық қор ретінде құрылымдауға болады. Исламдық инвестициялық қор жабық инвестициялық пай қоры ретінде де, акционерлік инвестициялық қор ретінде де құрылымдалуы мүмкін. Венчурлық қорлар үшін құрылымдау нұсқаларының кең спектрі, оның ішінде заңды тұлға құрмайтын жай серіктестік, акционерлік қоғам және шаруашылық серіктестік ұсынылады.

Қазақстанның ұлттық реттеуінде тікелей инвестициялар қорлары мен хедж-қорлар қордың жекелеген типтері ретінде анықталмаған. Іс жүзінде мұндай инвестициялық қағидаттар қорлардың стратегияларына енгізілуі мүмкін.

Мемлекеттік қорлар және отбасылық кеңселер сияқты нарықтың негізгі ойыншылары бұл реттеудің қолданыс аясына кірмейді. Мысалы, Қазақстанның тікелей инвестициялар нарығы туралы жақында жасалған есеп бойынша, көптеген отбасылық кеңселер мен бизнес конгломераттары тікелей инвестициялау қағидаттары бойынша жұмыс істейді. Бұл топ қазақстандық тікелей инвестиция нарығының ең жабық сегменті болып қалуда. Аталған есептің негізгі қорытындылары осы есептің 3-тарауында берілген.

4.2 АХҚО заңнамалық базасы

AFSA – АХҚО-ның тәуелсіз реттеушісі. AFSA АХҚО-дағы қаржылық және қаржылық емес ұйымдардың қызметін қадағалайды.

Қорлардың қызметі CIS қағидаларымен және басқа да АХҚО актілерімен реттеледі.¹⁷

Қор құрылымдары

АХҚО-ның CIS қағидалары қор басқарушыларына қорларды құрылымдаудың бірнеше нұсқасын ұсынады:

→ 1 Ашық немесе жабық типті инвестициялық компания (Investment Company). Ашық инвестициялық компаниялар тұрақты жазылу және өтеу мүмкіндігімен дәстүрлі қорларды басқаруға мүмкіндік береді, ал жабық инвестициялық компаниялар листингтік қор құралын құрылымдау үшін пайдаланылыла алады.

→ 2 Бас серіктесті (қор басқарушысы) және шектеулі серіктестерді қамтитын шектеулі серіктестік (Limited Partnership) АХҚО-дағы қордың құрылымы үшін негіз бола алады.

Ұжымдық инвестициялау схемалары¹⁸

АХҚО юрисдикциясында ұжымдық инвестицияларды басқару, егер ол кәсіпкерлік қызмет шеңберінде жүзеге асырылса, осы қызметті жүзеге асыруға лицензия алуды талап ететін реттелетін қызмет болып саналады.

АХҚО инвесторлардың жіктелуіне қарай қорлардың екі санатын ұсынады:

→ 1 Non-exempt қор – пайлары АХҚО-да ұсынылатын ұжымдық инвестициялардың құрылымы.

→ 2 Exempt қорлардың non-exempt қорларға қарағанда реттелу қатаңдығы азырақ. Бұл қорлар тек кәсіби клиенттерге ғана қолжетімді.

АХҚО юрисдикциясында non-exempt және exempt қорлар кәсіпкерліктің және инвестициялық мақсаттардың нақты түрлеріне бағытталған мамандандырылған қорлар ретінде құрылуы мүмкін. АХҚО мамандандырылған қорлардың келесі түрлеріне рұқсат береді: тікелей инвестициялар қоры, венчурлық капитал қоры, REIT қоры, Исламдық инвестициялық қор, ESG қоры, umbrella қоры, Қорлар қоры, Master-feeder құрылымы (34-сурет).

34-сурет.

АҚХО заңнамасы шеңберіндегі инвестициялық қорлардың түрлері



Ескерту:

*Шектеулі серіктестіктер көбінесе жабық құрылымдар ретінде құрылады.

** Тікелей инвестициялар қоры exempt қор болып табылады, ол жабық болуы керек (егер AFSA басқаша мақұлдаса).

*** Венчурлық қор exempt қор болып саналады, ол жергілікті және жабық болуы керек және жазылымдардың жалпы сомасы, егер AFSA үлкенірек соманы бекітпесе, \$100 млн (немесе басқа валютадағы баламасы) аспауы керек.

¹⁷ AFSA, АХҚО-дағы қорларды басқару және қор қызметі бойынша нұсқаулық.

¹⁸ АХҚО ұжымдық инвестициялау схемалары

Төмендегі кестеде non-exempt және exempt қорларға қойылатын негізгі талаптар жинақталған.

Non-exempt қоры		Exempt қоры	
Қор басқарушысы	Жергілікті	Жергілікті	Шетелдік
Қор басқарушының капиталына қойылатын ең төменгі талап	US\$ 150,000	US\$ 50,000*	-
Қордың орналасқан жері	АХҚО және шетелдік юрисдикциялар		АХҚО
Қорды тіркеу/хабарлама	Тіркеу	Хабарландыру	Тіркеу
Қордың жарғысы	Талап етіледі		
Ұсыныс материалдары	Талап етіледі		
Инвестор/пайшы	Шектеусіз	Тек кәсіби клиенттер	
Минималды жазылым сомасы	-	US\$ 50,000	
Кастодиан	Талап етіледі	Талап етілмейді (REIT қоры болмаса)	Талап етіледі
Қор аудиторы	Талап етіледі	Талап етілмейді (REIT қоры болмаса)	
Мерзімді есеп	Жыл сайын және тоқсан сайын	Талап етілмейді (листингтегі қор болмаса)	
Қаржылық есеп	Жыл сайын (IFRS немесе US-GAAP)		
Пруденциалды есеп	Тоқсан сайын және жыл сайын		

Дереккөз: AFSA


* Қордың сипаты мен оның иелігіндегі активтердің типіне байланысты кастодианның тағайындалуы талап етілмеген жағдай болмаса, қордың тағайындалған кастодианы болуы керек. Әйтпесе, базалық капиталға қойылатын талаптар \$500 000 дейін артады.

Шетелдік қор басқарушысын тану

Шетелдік қор басқарушысына жергілікті қорды басқаруға рұқсат етіледі және мұндай қордың пайлары АХҚО-да ұсынылса, ол exempt қор ретінде жіктелуі керек. Шетелдік қор басқарушысы ретінде тану үшін өтініш беруші АХҚО-ның CIS қағидаларында белгіленген арнайы талаптарға сай болуы керек. Өтініш беруші қор әкімшісін және кастодианды тағайындауы керек. Сонымен қатар, өтінімде басқарушыны AFSA мойындайтын немесе мойындамаған юрисдикциядағы қаржылық реттеуші орган реттейтінін растайтын декларация болуы керек.¹⁹

Бүгінгі күні AFSA ESMA-мен үйлестіре отырып, баламалы инвестициялық қорлардың басқарушыларын қадағалау саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша тиісті ұлттық органдармен өзара түсіністік туралы 18 меморандумға қол қойды.²⁰

Мажарстанда орналасқан Equilibrium Capital Ltd қор басқарушысы АХҚО-да танылған алғашқы шетелдік қор басқарушысы болды (2023). Бұл қор басқарушысын Мажарстанның Орталық банкі реттейді.²¹



¹⁹ АХҚО-дағы қорларды басқару және қор қызметі жөніндегі нұсқаулық. AFSA
²⁰ AFSA
²¹ aifc.kz

АХҚО-дағы соңғы реттеушілік өзгерістер

АХҚО-да бағалы қағаздар токендерін шығару бойынша реттеуші база

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап бағалы қағаздар токендерін (Security Token Offerings, STO) шығарудың реттеуші базасы эмитенттерге және инвесторларға халықаралық реттеу стандарттарына сәйкес бөлінген тізілім технологиясына негізделген реттелетін бағалы қағаздарды шығару және саудалаудың құрылымдық жолын ұсынады. STO нарық өтімділігін арттыру және нарықтық бағаларды дәлірек анықтау үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Блокчейн технологиясының интеграциясы ашықтықты, нақты уақыттағы сауда деректеріне қол жеткізуді және бағалы қағаздар нарығының жалпы тиімділігін арттыруды қамтамасыз етеді.²²

АХҚО-дағы отбасылық офистер

2024 жылдың 1 шілдесінен бастап жеке отбасылық офистер үшін арнайы әзірленген АХҚО-дағы отбасылық офистердің қызметі туралы AFSA қағидалары күшіне енді. Бұл реттеуші база отбасылық офистерге отбасылық офис қорларын құруға және басқаруға мүмкіндік береді, бұл отбасылық капиталды әлемдік озық тәжірибеге сәйкес басқаруды қамтамасыз етеді.²³

Exempt қорларға АХҚО-ның лицензияланған инвестициялық биржаларында өз пайларын орналастыруға рұқсат берілді

AFSA exempt қорларға АХҚО-дағы авторизацияланған инвестициялық биржаларда өз пайларын орналастыруға мүмкіндік беретін жаңа стратегияны енгізді. Бұрын мұндай құқыққа тек non-exempt қорлар ғана ие болатын. Бұл қадам қаржылық құралдардың кең спектрінің пайда болуына әкеледі, кәсіби инвесторлар мен қор басқарушылары арасындағы байланысты нығайтады және тарату шығындарын әлеуетті түрде азайтады деп күтілуде.²⁴

²² AFSA

²³ АХҚО-да отбасылық офистерге арналған ережелер күшіне енді – AIFC

²⁴ AFSA exempt қорлардың (Exempt Funds) басқарушыларына АХҚО-ның лицензияланған инвестициялық биржаларында өз пайларын сатуға рұқсат берді

АХҚО қатысушылары арасындағы соңғы өзгерістер

Umbrella қоры

2024 жылғы маусымда AFSA АХҚО-дағы алғашқы umbrella қорды – Fonte Emerging Markets Umbrella Fund қорын тіркелді. Бұл қор бірнеше қосалқы қорларды біріктіреді, олардың әрқайсысының өзіндік инвестициялық мақсаттары мен стратегиялары бар.

Umbrella қорлары нормативтік талаптардың сақталуы мен басқаруды біртұтас құрылымға біріктіру арқылы әкімшілендіруді жеңілдетеді. Бұл тәсіл қорларды басқаруды тиімдірек ете отырып, операциялық тиімділікті арттырады, күрделілікті азайтады және қателіктердің ықтималдығын азайтады.²⁵

Non-exempt қоры

2024 жылдың қыркүйегінде АХҚО-да бірінші non-exempt қор SBI Active Fund тіркелді. Non-exempt қорлар бөлшек инвесторларға инвестициялық мүмкіндіктердің кең ауқымына, соның ішінде активтерді бөлуде, тәуекелдерді басқаруда және кірістілік әлеуетін бөлуде үлкен икемділікті ұсынады.²⁶

²⁵ АХҚО-да алғашқы шатырлық қор тіркелді – AIFC

²⁶ AFSA бөлшек инвесторлар үшін алғашқы non-exempt қорды тіркелді

4.3

Заңнамалық базалардағы негізгі айырмашылықтар

Қорларды басқару қызметіне қатысты ұлттық реттеу мен АХҚО реттеуі арасындағы кейбір негізгі айырмашылықтар төменде келтірілген. Қорды реттеуді сипаттайтын егжей-тегжейлі кестелерді 1 және 2-қосымшалардан табуға болады.

Төменде келтірілген ақпарат авторлардың көзқарасын көрсететініне және АХҚО, AFSA немесе ҚНРДА ресми мәлімдемесі болып табылмайтынына назар аударыңыз.

Ұйымдық нысан

Ұлттық нормативтік актілерге сәйкес инвестициялық қорлардың ұйымдық-құқықтық нысандарына акционерлік қоғамдар мен заңды тұлға құрмайтын пайлық қорлар жатады. Тек венчурлық қорлар үшін құрылымдық нұсқалардың кең спектрі ұсынылады. Олар заңды тұлға құрмайтын жай серіктестік, шаруашылық серіктестік және акционерлік қоғам ретінде құрыла алады. Алайда реттелетін венчурлық қор ұлттық заңнамаға сәйкес әлі тіркелмеген.

АХҚО инвестициялық компания немесе шектелген серіктестік түріндегі қорларды құруға рұқсат береді.

Инвестициялық қордың активтері

Ұлттық реттеу тек қана қаржы құралдарына инвестициялауға рұқсат береді (REIT қорларын қоспағанда) және REIT қорлары, ашық және аралық пай қорлары үшін қаржы құралдарының тізімін анықтайды.

АХҚО қағидалары қордың инвестициялық саясатына сәйкес қаржы құралдарына қоса басқа қорларға, туынды құралдарға, жылжымайтын мүлікке және басқа да активтерге инвестициялауға мүмкіндік береді. Қолайлы қаржы құралдарының тізбесі қордың инвестициялық саясаты негізінде анықталады.

Басқарушы компаниялардың капиталына қойылатын талаптар

Ұлттық реттеуге сәйкес зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асыратын инвестициялық портфельді басқарушы капиталына қойылатын талап шамамен \$6,2 млн²⁷ құрайды. Ұлттық реттеу басқарушы компаниялар үшін капиталға жоғары талаптар қойғанымен, мұндай қорлар зейнетақы активтерін басқаруға құқылы.

АХҚО юрисдикциясында басқарушы компаниялар үшін капиталға қойылатын талаптар: non-exempt қорлар үшін \$150 мың және exempt қорлар үшін \$50 мың.

1-ҚОСЫМША

Ұлттық
заңнамалық база

1					
Қорлардың құрылымы, авторизация, қайта құрылымдау және тарату					
Талап	Акционер. жылжымайтын мүлік қоры	Акционерлік инвестициялық қор	Жабық инвест. пай қоры	Ашық инвест. пай қоры	Аралық инвест. пай қоры
Заңды нысаны	АҚ		Заңды тұлға құрмай		
Қордың мөлшері (мин/макс)	Жарғылық капиталы кемінде 50 000 АЕК		Қор ережелерімен анықталады		
Қорды құру	Жарғыда инвестициялық декларацияға сәйкес қызмет туралы ереже; шығыстардың түрлері, айқындау тәртібі және ең жоғары мөлшері қамтылуға тиіс		Басқарушы компанияның директорлар кеңесі инвестициялық пай қорын құру туралы шешім қабылдайды және пай қорының ережелерін бекітеді. Басқарушы компания бірнеше инвестициялық пай қорларын құруға құқылы. Бір басқарушы компания құрған бір түрдегі инвестициялық пай қорлар инвестициялық декларациялар бойынша әр түрлі болуы керек.		
Тіркеу	АҚ туралы Заңға сәйкес		ҚНРДА 15 жұмыс күні ішінде жүзеге асырады		
Тіркеуге қажет құжаттар	• Жарғы • Басқарушы компаниямен шарт жобасы • Жалпы жиналыс немесе құрылтайшы бекіткен инвестициялық декларация		• Өтініш • Директорлар кеңесі немесе акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдаған инвестициялық пай қорын құру туралы шешімнің көшірмесі • Директорлар кеңесі немесе акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен инвестициялық пай қорының қағидалары • Басқарушы компанияның ішкі құжаттары		
Арнайы талаптар	Мыналарға: • «алтын акция» енгізуге; • еншілес ұйымдар құруға (жылжымайтын мүлік қорына тек жылжымайтын мүлікке қызмет көрсету үшін еншілес ұйымдар құруға рұқсат беріледі); • жай акцияларды қоспағанда, өзге қаржы құралдарын шығаруға (тәуекелмен инвестицияланатын инвестициялық қорлар және жылжымайтын мүлік қорларын қоспағанда) тыйым салынады.		Басқарушы компания жасалған шарттарға сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз ететін инвестициялық қорлардың пайларын ұстаушы бола алмайды. Кастодиан, аудиторлық ұйым және бағалаушы жасалған шарттарға сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз ететін инвестициялық пай қорларының акцияларын ұстаушылары бола алмайды.		
Қайта ұйымдастыру және тарату	АҚ туралы Заңға сәйкес		Пай ұстаушылардың жалпы жиналысының құзыреті	–	–
Ерікті қайта ұйымдастыру және тарату	Уәкілетті органды 5 жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге тиіс		• Жабық пай қорларын біріктіруге рұқсат етіледі • Нысанды ашық немесе аралық пай қорына өзгертуге пай иеленушілердің жалпы жиналысының шешімі бойынша жол беріледі	• Ашық пай қорларды біріктіруге рұқсат етіледі • Жабық пай қорына ұйымдық нысанды өзгертуге тыйым салынады	• Аралық пай қорларын біріктіруге рұқсат етіледі • Жабық пай қорына ұйымдық нысанды өзгертуге тыйым салынады
Мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру және тарату	• Соттың шешімі бойынша • Соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға хабарлама жібереді. • Акционерлік инвестициялық қордың басқарушы компаниямен шарт бұзылған, тоқтатылған немесе қолданылу мерзімі өткен күннен бастап екі ай ішінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында қайта тіркеуден өтпеуі оны мәжбүрлеп таратуға негіз болып табылады.		–	–	–
Листинг және трейдинг	Рұқсат (тәуекелмен инвестицияланатын инвестициялық қорларын қоспағанда)		Рұқсат (тәуекелмен инвестицияланатын инвестициялық қорларын қоспағанда)	Рұқсат етілмейді	Рұқсат етілмейді

*Ескерту: Венчурлық қорлар қосымшаларда қарастырылмаған. Венчурлық қорлар келесі түрде құрылуы мүмкін: 1) заңды тұлға құрмай жай серіктестік; 2) АҚ; 3) шаруашылық серіктестік. Венчурлық қордың жарғысында оның айрықша қызметі венчурлық қаржыландыру екендігі туралы ереже болуы керек.

2					
Корпоративтік басқару және жауапкершілік					
Талап	Акционер. жылжымайтын мүлік қоры	Акционерлік инвестициялық қор	Жабық инвест. пай қоры	Ашық инвест. пай қоры	Аралық инвест. пай қоры
Бірінші жалпы жиналыстың шешімі	Кастодианды таңдау туралы шешім қабылдау		–	–	–
Жалпы жиналысқа қатысу	Басқарушы компанияның, кастодианның, орталық депозитарийдің, аудитордың, реттеушінің өкілдері қатыса алады		–	–	–
Жалпы жиналыстың шешімдері	Акционерлердің акцияларды сатып алу туралы өтініш беру мүмкіндігін көздейтін шешім 30 күннен кейін күшіне енеді.		Талаптар сақталған жағдайда жабық қорды ашық немесе аралық қорға өзгерту туралы шешім	–	–
Инвестициялық декларацияға/ қор ережелеріне өзгерістер енгізу құзыреті	Директорлар кеңесінің құзыреті		Пай ұстаушылардың жалпы жиналысының құзыреті	Басқарушы компанияның құзыреті	
Инвестициялық декларацияға/ қор ережелеріне өзгерістер (ҚНРДА келісімі бойынша)	–		Мыналарды қоспағанда өзгерістер мен толықтырулар ҚНРДА-мен келісуге жатады: - Басқарушы компанияның атауы және орналасқан жері - Кастодианның атауы және орналасқан жері - Басқарушы компанияның және кастодианның аудиторын өзгерту, сондай-ақ аудитордың атауы мен орналасқан жеріндегі өзгерістер - Акцияларды орналастыру және өтеу бойынша делдалдардың тізімі		
ҚНРДА-ның өзгерістерді қарау мерзімі	Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде ҚНРДА-ға бекітуге ұсынылады		ҚНРДА 15 жұмыс күні ішінде жүзеге асырады		
Инвестициялық декларация/ қор ережелеріне енгізілген өзгерістердің күшіне енуі	Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан немесе акциялардың барлық ұстаушылары уәкілетті органда тіркелгенін көрсете отырып, осы өзгерістердің/ толықтырулардың мәтінін алғаннан кейін 30 күн өткен соң		–	Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін 30 күн	
Акционерлердің/ пай ұстаушылардың жауапкершілігі	Акционер компанияның шығындары үшін тек өз акцияларының құны шегінде жауап береді		Пай ұстаушылар қордың міндеттемелері бойынша жауап бермейді және олар иелік ететін пайлардың құны көлемінде шығындар тәуекелін көтереді.		
Акционерлердің/ пай ұстаушылардың құқықтары	АҚ туралы Заңға сәйкес		•Басқарушы компанияның қызметін бақылауды жүзеге асырады •Жалпы жиналысқа қатысу •Дивидендтер алу	Пай қорының ережелеріне сәйкес басқарушы компанияның қызметін бақылау	
Жалпы жиналыстың айрықша құзыреті	АҚ туралы Заңға сәйкес		1) қор ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу; 2) қордың қызметін тоқтату; 3) басқа жабық пай қорына қосылу немесе ашық немесе аралық қорға ауысу; 4) басқарушы компанияның немесе кастодианның ауысуы; 5) қағидаларға сәйкес өзге де мәселелер		–

3

Қордың инвестициялық декларациясы және қор ережелері

Талап	Акционер. жылжымайтын мүлік қоры	Акционерлік инвестициялық қор	Жабық инвест. пай қоры	Ашық инвест. пай қоры	Аралық инвест. пай қоры
Қордың толық және қысқартылған атауы			✓	✓	✓
Басқарушы компанияның толық атауы және орналасқан жері. Құқықтар мен міндеттері	✓	✓	✓	✓	✓
Кастодианның, аудитордың толық атауы және орналасқан жері. Құқықтар мен міндеттері	✓	✓	✓	✓	✓
Пай ұстаушылардың құқықтары мен міндеттері			✓	✓	✓
Басқарушы компанияның, кастодианның және инвестициялық пай қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге де тұлғалардың осы қордың активтері есебінен төленуге жататын шығыстары мен сыйақыларының түрлері, айқындалу тәртібі және ең жоғары мөлшерлері	✓	✓	✓	✓	✓
Басқарушы компанияның ережелерге/инвестициялық декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу шарттары мен тәртібі			–	✓	✓
Басқарушы компанияны немесе кастодианды өзгертудің шарттары мен тәртібі			✓	✓	✓
Сенімгерлік басқару шарты			✓	✓	✓
Қордың әрекет ету мерзімі (немесе шектеусіз)			✓	✓	✓
Инвестициялық саясаттың мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ саясат бойынша шектеулер	✓	✓	✓	✓	✓
Инвестициялық объектілердің тізбесі, мәмілелердің түрлері, олардың шарттары мен лимиттері	✓	✓	✓	✓	✓
Активтерді инвестициялық декларацияға сәйкес келтіру тәртібі мен мерзімдері			✓	✓	✓
Тәуекелдердің сипаттамасы және активтерді хеджирлеу және әртараптандыру шарттары	✓	✓	✓	✓	✓
Дивидендтік саясат / дивидендтерді есептеу, төлеу шарттары мен тәртібі	✓	✓	✓	–	–
Активтердің құнын және пайдың есептік құнын есепке алу және айқындау тәртібі	✓	✓	✓	✓	✓
Пайлардың есептік құнына үстемеақыларды қолдану шарттары мен есептеу тәртібі			✓	✓	✓
Басқарушы компанияның пайын сатып алу кезінде жеңілдікті қолдану шарттары мен есептеу тәртібі			–	✓	✓
Пайларды орналастыру және сатып алу жөніндегі басқарушы компанияны өкілдерінің тізбесі			✓	✓	✓
Қорды тарату / тоқтату шарттары мен тәртібі			✓	✓	✓
Инвестициялық декларация			✓	✓	✓
Пайларды сатып алуға өтінімдерді беру және орындау шарттары мен тәртібі			✓	✓	✓
Бастапқы орналастыру кезінде пайдың номиналды құны			✓	✓	✓
Пайды сатып алуға өтінімдерді орындау шарттары			–	✓	✓
Орналастыру мен сатып алуды тоқтата тұру шарттары мен тәртібі			✓	✓	✓
Қайта сатып алуды тоқтата тұру шарттары мен тәртібі			–	✓	✓
Пайларды басқа ашық немесе аралық пай қорының пайларына айырбастау шарттары			–	✓	✓
Пай ұстаушыларына ақпаратты ашу шарттары			✓	✓	✓
Пай ұстаушыларына жауап беру шарттары мен тәртібі			✓	✓	✓
Ақпарат жарияланатын бұқаралық ақпарат құралдары туралы ақпарат			–	✓	✓
Пай ұстаушыларын жалпы жиналысын шақыру және өткізу шарттары, тәртібі			✓	–	–

4

Акцияларды/пайларды орналастыру, жою, сату және өтеу

Талап	Акцион. жылжымайтын мүлік қоры	Акционерлік инвестициялық қор	Жабық инвест. пай қоры	Ашық инвест. пай қоры	Аралық инвест. пай қоры
Орналастыру			•3 айдан аспайды және активтердің минималды мөлшеріне жеткенде аяқталады •Бір реттік ұзарту мүмкін (ҚНРДА келісімі бойынша), бірақ 3 айдан аспайды		
Пайларды сатып алу	Тек ақшамен және ұлттық валютамен		Тек ақшамен және ұлттық валютамен (пайлардың номиналды құны шетел валютасында көрсетілуі мүмкін)		
Бастапқы орналастыру кезеңіндегі шектеулер			Басқарушы компаниямен үлестес емес және бағалы қағаздары қор биржасының тізіміне енгізілген екінші деңгейдегі банктердің депозиттеріне ғана инвестициялау		
Пай ұстаушыларға арналған шектеулер	•Басқарушы компания, кастодиан, орталық депозитарий, аудитор және бағалаушы •Оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлға (тәуекелмен инвестициялайтын акционерлік инвестициялық қорды қоспағанда)*		• Басқарушы компания, кастодиан, аудитор және бағалаушы** • Заңды тұлға, егер оның қаржы құралдары активтердің құрамына кірсе және 5%-дан көп болса	•Басқарушы компания, кастодиан, аудитор және бағалаушы	• Басқарушы компания, кастодиан, аудитор және бағалаушы
Пай ұстаушыларынан пайларды сатып алу кезеңділігі				Кем дегенде екі аптада 1 рет	Жылына кемінде 1 рет (егер айына 1 реттен кем болса, онда өтінімдерді қабылдау кезеңі кемінде 3 жұмыс күні)
Акция/пайларды қайта сатып алу	Акционерлердің жалпы жиналысы туралы шешім қабылдаған жағдайда: • қорды қайта ұйымдастыру немесе • акционерлердің құқықтарына нұқсан келтіретін осы қордың жарғысына немесе акциялар шығару проспектісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу • инвестициялық декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу		Егер қордың ережелерінде көзделмесе, талап етуге құқығы жоқ	•Инвестициялық пай қоры активтерінің құрамында бар немесе оларды өткізуден алынған ақша, сондай-ақ қарыз қаражаты есебінен •Бастапқы орналастыру кезінде рұқсат етілмейді •Басқарушы компаниядан ережелерде белгіленген шарттарда және тәртіппен талап етуге құқылы •Ұстаушылардың мүдделеріне нұқсан келтіретін ережелерге өзгерістер күшіне енгенге дейін 30 күн ішінде •Жеңілдіктерге рұқсат етіледі (3%-дан аспайды) •Пай қоры қызметін тоқтатқан және ережелерді өзгерткен кезде жеңілдіктерге тыйым салынады	
Кейіннен орналастыру			Бағаға үстемеақылар рұқсат етіледі	Бағаға үстемеақылар рұқсат етіледі	
Пайларды орналастыруды, сатуды, өтеуді және жоюды уақытша тоқтату			•ҚНРДА-ның нұсқауы бойынша •Басқарушы компания ережеде орналастыруды тоқтата тұруды көздеуге құқылы, егер БАҚ-та хабарласа	ҚНРДА немесе басқарушы компанияның нұсқамасы бойынша (бірақ ҚНРДА пайшылардың мүдделеріне сәйкес келмеген жағдайда тыйым салуға құқылы)	•ҚНРДА немесе басқарушы компанияның нұсқамасы бойынша (бірақ ҚНРДА пайшылардың мүдделеріне сәйкес келмеген жағдайда тыйым салуға құқылы) •Басқарушы компания ережеде орналастыруды тоқтата тұруды көздеуге құқылы, егер БАҚ-та хабарласа

*Тәуекелмен инвестициялайтын қоры үшін жекелеген талаптар қолданылмайды
** Басқарушы компанияның маркет-мейкер функциясы шеңберінде пайларды ұстап тұру жағдайын қоспағанда. Бұл ретте осы басқарушы компанияның ұстауындағы пайлардың саны ол басқаратын қордың барлық орналастырылған пайларының (сатып алынған пайларды қоспағанда) санынан 10% - дан кем болуға тиіс.

5

Инвестициялық қордың активтері

Талап	Акционер. жылжымайтын мүлік қоры	Акционерлік инвест. қор	Жабық инвест. пай қоры	Ашық инвест. пай қоры	Аралық инвест. пай қоры
Активтер	•Қаржы құралдары •Фимараттар мен құрылыстар •Жер учаскелері •Аяқталмаған құрылыс нысандары •Фимараттар мен құрылыстарға қызмет көрсетуге арналған өндірістік жабдықтар мен негізгі құралдар	•Қаржы құралдары	•Қаржы құралдары	•Қаржы құралдары	•Қаржы құралдары
Қаржы құралдарының тізбесі	• Мемлекеттік бағалы қағаздар, жергілікті атқарушы органдардың облигациялары, Самұрық-Қазына және оның еншілес ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар • Рейтингі «В-» төмен емес екінші деңгейдегі банктердегі салымдар, бейрезидент бас банкінің рейтингі «А-» төмен емес банктердегі салымдар • Акциялар, егер олар мәміле жасалған күні ҚР қор биржасы индексінің өкілетті тізімінде болса • «В-» төмен емес рейтингісі бар Қазақстан Республикасы эмитенттерінің борыштық бағалы қағаздары • «АА-» кем емес рейтингі бар шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздары • Халықаралық қаржы ұйымдарының орталық банктерінің бағалы қағаздары • «BBB» төмен емес тәуелсіз рейтингі бар мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары және валюталары, тазартылған бағалы металдар • Негізгі активтері жылжымайтын мүлік қоры сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдары болып табылатын туынды қаржы құралдары • Жылжымайтын мүлік қорына кіретін мүлікке қызмет көрсететін заңды тұлғаның қатысу үлесі	—	—	• Мемлекеттік бағалы қағаздар, жергілікті атқарушы органдардың облигациялары, Самұрық-Қазына және оның еншілес ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар • Рейтингі «В-» төмен емес екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар, бейрезидент бас банкінің рейтингі «А-» төмен емес банктеріндегі салымдар • АІХ қор биржасында жария саудаға салуға рұқсат етілген бағалы қағаздар • «В-» төмен емес рейтингісі бар эмитенттерінің борыштық бағалы қағаздары • Қазақстан Республикасы ұйымдарының қор биржасының ресми тізіміне енгізілген және/немесе АІХ бойынша ашық саудаға жіберілген инфрақұрылымдық облигациялары • Қор биржасының ресми тізімінде енгізілген және/немесе АІХ-те ашық саудаға жіберілген инвестициялық қор пайлары • Morningstar рейтингтік агенттігінің «3 жұлдыздан» төмен емес рейтингісі бар ETF, ETN • Депозитарлық қолхаттар • «BBB» төмен емес тәуелсіз рейтингі бар мемлекеттердің бағалы қағаздары және валюталары, тазартылған бағалы металдар • Рейтингі «BB-» төмен емес халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары, шетелдік ұйымдардың бағалы қағаздары, • Шарттар орындалған жағдайда Principal protected notes, шарттар орындалған кезде туынды қаржы құралдары • «А-» төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар резидент емес банктердегі салымдар • Активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайтын ETF • ЖШС-да қатысу үлесі	
Қаржы құралдары бойынша шектеулер (тыйымдар)	• Бір басқарушы компания басқаратын қордың акциялары/пайлары • Басқарушы компанияның активтері/бағалы қағаздары • Коммерциялық емес ұйымдардағы акциялар/қатысу үлестері • Орналастырудың жалпы көлемінен 15%-дан астам қаржы құралдары (жылжымайтын мүлікке қызмет көрсету негізгі қызметі саналатын еншілес ұйымдар құру бөлігінде тәуекелді инвестициялық қорларды және жылжымайтын мүлік қорларын қоспағанда)				
Инвестициялар бойынша лимиттер	• Активтердің кемінде 80% жылжымайтын мүлікте, барлық кірістің кемінде 50% жалдаудан. • Бір тұлғаның немесе оның аффилирленген тұлғаларының қаржылық құралдары және квазимемлекеттік компанияның және оның бір саладағы үлестес тұлғаларының қаржы құралдары – барлығы 20%-дан аспайды	• Бір тұлғаның немесе оның үлестес тұлғаларының қаржы құралдары 30%-дан аспайды • Квазимемлекеттік компанияның және оның бір саладағы үлестес тұлғаларының қаржы құралдары 50%-дан аспайды		• Бір тұлғаның немесе оның үлестес тұлғаларының қаржы құралдары 20%-дан аспайды • Квазимемлекеттік компанияның және оның бір саладағы үлестес тұлғаларының қаржы құралдары 30%-дан аспайды	• Бір тұлғаның немесе оның үлестес тұлғаларының қаржы құралдары 20%-дан аспайды • Квазимемлекеттік компанияның және оның бір саладағы үлестес тұлғаларының қаржы құралдары 30%-дан аспайды
Қарыз көлемі	Активтер құнының 60%-нан аспауы керек	Акцияларды/пайларды сатып алу үшін алынған қарыздар таза активтер құнының 10%-нан аспайды және мерзімі 3 айдан аспайды		• Пайларды сатып алу үшін алынған қарыздар таза активтер құнының 10%-нан аспайды және мерзімі 3 айдан аспайды • Басқарушы компанияның есебінен осындай қарыздар бойынша сыйақы төлеу	
Активтердің құрамын сәйкестендіру мерзімдері	• тіркелген күннен бастап 12 ай • 6 ай (алғашқы 12 айдан кейін)	—			
Бухгалтерлік есеп	Қаржы министрлігінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізу	—			

6

Пруденциялық нормативтер

Талап	Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асыруға құқығы жоқ инвестициялық портфельді басқарушы	Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асыратын инвестициялық портфельді басқарушы
Жарғылық капиталдың минималды мөлшері	–	800 000 АЕК
Меншікті капиталдың минималды мөлшері	50 000 АЕК	440 000 АЕК
Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті	$K = (\Theta\text{ЖА} + \Theta\text{А} - M) / (50\,000\text{ АЕК} + \text{ИПБ_От}),$ мұнда: ӨЖА - есептеу күніне қолда бар инвестициялық портфельді басқарушының өтімділігі жоғары активтері; ӨА - инвестициялық портфельді басқарушының есептеу күніне қолда бар өтімді деп танылатын өтімді активтері; М - есеп айырысу күніндегі баланс бойынша жиынтық міндеттемелер; ИПБ_От - есептеу күніне инвестициялық басқарудағы активтердің мөлшері ретінде есептелген, ИПБ операциялық тәуекел коэффициентіне көбейтілген активтерді сенімгерлік басқаруға байланысты операциялық тәуекел – 0,1%.	$K = (\Theta\text{ЖА} + \Theta\text{А} - M) / (440\,000\text{ АЕК} + 3\text{А_ИПБ_От}),$ мұнда: ӨЖА - есептеу күніне қолда бар инвестициялық портфельді басқарушының өтімділігі жоғары активтері; ӨА - инвестициялық портфельді басқарушының есептеу күніне қолда бар өтімді деп танылатын өтімді активтері; М - есеп айырысу күніндегі баланс бойынша жиынтық міндеттемелер; 3А_ИПБ_От - есептеу күніне инвестициялық басқарудағы активтердің мөлшері ретінде есептелген, 3А ИПБ операциялық тәуекел коэффициентіне көбейтілген активтерді сенімгерлік басқаруға байланысты операциялық тәуекел – 4%.
Өтімділік коэффициенті	K2-1: 1 кем емес; K2-2: 0,9 кем емес; K2-3: 0,8 кем емес; K2-4: 0,5 кем емес.	
Пруденциялық нормативтер бойынша есептіліктің кезеңділігі	Ай сайын, 5 жұмыс күнінен кешіктірмей	
Бұзушылықтар туралы хабарлама	3 жұмыс күні ішінде	
Ұйымның қаржылық тұрақтылығын арттыру бойынша ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспары	• Ұйымның қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторды, оның пайда болу себептерін көрсете отырып, егжей-тегжейлі талдау; • Фактордың болжамы, осы болжамның негіздемесі және фактордың ұйым қызметіне кері әсері; • Факторды ұйымның қызметіне қауіп төндірмейтін және қосымша тәуекелдер тудырмайтын деңгейге жеткізуді көздейтін жақсарту шаралары; • Әрбір тармақ бойынша іс-шаралар жоспарын орындау мерзімдері; • Іс-шаралар жоспарының орындалуына жауапты басшылардың тізімі	
ҚНРДА іс-шаралар жоспарын қарау	30 жұмыс күні ішінде	
Іс-шаралар жоспарын ұсыну	5 жұмыс күні ішінде (басқарушы компания факторларды тәуелсіз анықтаған жағдайда)	
Факторларды анықтау әдістемесі	• Қатарынан 3 ай ішінде меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициентінің меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициентінің мәнінен 0,3 тармаққа асатын немесе одан төмен деңгейге дейін екі және одан да көп рет төмендеуі • Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициентінің мәнінен 0,3 тармаққа асатын деңгейден төмен болған кезде меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициентінің төмендеуі • Қатарынан 3 ай ішінде жиынтық өтімді активтер көлемінің 20 және одан көп пайызға жиынтық төмендеуі • Қатарынан 3 ай ішінде шығынды қызмет	

7 Кастодиан және қор әкімшісі		
Қосымша қызмет көрсетушілермен жасалатын келісімдерге қойылатын талаптар мен мазмұны	Кастодиан	Әкімші
Қор үшін міндетті талап	✓	
Әрбір инвестициялық қор үшін жеке есеп	✓	
Активтерді сақтау (меншікті активтерден немесе басқа клиенттердің активтерінен бөлек)	✓	
Акцияларды/пайларды орналастыру және сатып алу жөніндегі операциялардың есебі	✓	
Инвестициялық қорлар активтерінің құны, қозғалысы және құрамының есебі	✓	
Орналастыру және өтеу кезінде акциялардың құнын есептеу	✓	
Заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында транзакцияларды бақылауды жүзеге асыру	✓	
Инвестициялық қор активтерінің құнын, қозғалысын және құрамын басқарушы компаниямен ай сайын салыстырып отыруды қамтамасыз ету	✓	

*Ұлттық заңнамада қор әкімшісі туралы ережелер жоқ

2-қосымша

АХҚО заңнамалық
базасы

1 Қорлардың құрылымы, авторизация, қайта құрылымдау және тарату			
Талап	Non-exempt қор	Exempt қор	
Қор басқарушысы	Жергілікті	Жергілікті	Шетелдік
Заңды нысаны	- Инвестициялық компания - Шектеулі серіктестік	- Инвестициялық компания - Шектеулі серіктестік	- Инвестициялық компания - Шектеулі серіктестік
Қордың мөлшері (мин/макс)	Қордың жарғысына сәйкес	Қордың жарғысына сәйкес	Қордың жарғысына сәйкес
Қорды тіркеу	Тіркелу қажет	1. Хабарлама* 2. Егер: >15 клиент; - листингтелетін қор болса тіркелу талап етіледі.	Тіркелу қажет
Тіркеуге қажет құжаттар	- Тіркеу нысаны - Қордың жарғысы - Қорға қатысты ұсыныс материалдары - Қор басқарушысының жарғы мен ұсыныс материалдарының AFSA талаптарына сәйкестігін растайтын сертификаты - AFSA сұратуы бойынша басқа ақпарат	- Хабарлама/Тіркеу нысаны - Қордың жарғысы - Қорға қатысты ұсыныс материалдары - Қор басқарушысының жарғы мен ұсыныс материалдарының AFSA талаптарына сәйкестігін растайтын сертификаты - AFSA сұратуы бойынша басқа ақпарат	- Тіркеу нысаны - Қордың жарғысы - Қорға қатысты ұсыныс материалдары - Қор басқарушысының жарғы мен ұсыныс материалдарының AFSA талаптарына сәйкестігін растайтын сертификаты - AFSA сұратуы бойынша басқа ақпарат
Арнайы талаптар	- Пайларды сатып алу және қайта шығару немесе сату мақсаттары үшін бірыңғай баға белгілеу (ашық non-exempt қорлар үшін) - Кастодиан мен қор әкімшісі қажет (REIT қорларын қоса)** - Аудитор қажет (non-exempt қорлары және REIT қорлары үшін)	Кастодианды, қор әкімшісін, аудиторды тағайындау қажет (REIT қорлары үшін)	Кастодианды және қор әкімшісін тағайындау қажет** Аудиторды тағайындау қажет (REIT қорлары үшін)
Қайта ұйымдастыру және тарату	Companies Regulations and Rules/LP Regulations and Rules , Insolvency Regulations сәйкес	Companies Regulations and Rules/ LP Regulations and Rules , Insolvency Regulations сәйкес	Companies Regulations and Rules/ LP Regulations and Rules , Insolvency Regulations сәйкес
Ерікті қайта ұйымдастыру және тарату	Companies Regulations and Rules/LP Regulations and Rules сәйкес	Companies Regulations and Rules/LP Regulations and Rules сәйкес	Companies Regulations and Rules/ LP Regulations and Rules сәйкес
Мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру және тарату	Companies Regulations and Rules/LP Regulations and Rules сәйкес	Companies Regulations and Rules/LP Regulations and Rules сәйкес	Companies Regulations and Rules/ LP Regulations and Rules сәйкес
Листинг және трейдинг	Рұқсат	Белгілі шарттарда рұқсат етіледі***	Тыйым салынған

• *Exempt қорлар үшін "хабарлау" мүмкіндігіне қарамастан, бұл exempt қорларды құруды және басқаруды жоспарлайтын қор басқарушыларын АХҚО-ның тиісті актілерін сақтаудан босатпайды. • **CIS ережесінің 8.2 т. (AFSA кастодианды немесе қор әкімшісін жеке тағайындау талабынан бас тартуы мүмкін). • ***Дереккөз: AFSA NOTICE N° AFSA-C-OA-2024-0454 from 17 June 2024 ON MODIFICATION (Domestic Fund Managers of Exempt Funds) • Дереккөз: AIFC CIS Rules

2 Корпоративтік басқару және жауапкершілік		
Талап	Non-exempt қор	Exempt қор
Бірінші жалпы жиналыстың/директорлар отырысының шешімі	Қор жарғысына сәйкес	Қор жарғысына сәйкес
Жалпы жиналысқа/директорлар отырысына қатысу	Қор жарғысына сәйкес	Қор жарғысына сәйкес
Жалпы жиналыстың/директорлар отырысының шешімдері	Қор жарғысына сәйкес	Қор жарғысына сәйкес
Инвестициялық декларацияға/саясатқа өзгерістер енгізу құзыреті	Қор жарғысына сәйкес	Қор жарғысына сәйкес
Инвестициялық декларацияға/саясатқа өзгерістер (AFSA келісімі бойынша)	Қажет	–
AFSA-ның өзгерістерді қарау мерзімі	–	–
Инвестициялық декларация/саясатқа енгізілген өзгерістердің күшіне енуі	Қор жарғысына сәйкес*	Қор жарғысына сәйкес*
Пай ұстаушылардың жауапкершілігі	Қор жарғысына сәйкес	Қор жарғысына сәйкес
Пай ұстаушылардың құқықтары	Қор жарғысына сәйкес	Қор жарғысына сәйкес
Жалпы жиналыстың/директорлар отырысының айрықша құзыреті	Қор жарғысына сәйкес	Қор жарғысына сәйкес

*Егер ол кемінде 90 күн бұрын қордың пайларын ұстаушыларға енгізу немесе ұлғайту туралы, сондай-ақ оның басталу күні туралы жазбаша хабарлама бермесе және қордың пай ұстаушылары бұл жаңа санатты немесе ұлғайтуды қордың жарғысында көзделген көпшілік дауыспен бекітпесе, қор басқарушысының өз қызметтері үшін сыйақының жаңа санатын енгізуге немесе қорды басқару үшін ағымдағы мөлшерлемені немесе сыйақы сомасын ұлғайтуға құқығы жоқ.

3.1

Жарғы: non-exempt және exempt қорлар

Мазмұнға қойылатын талап	Non-exempt қор	Exempt қор
Қордың атауы	✓	✓
Қор басқарушысының аты-жөні және оның негізгі қызмет орны	✓	✓
Қор жарғысы АХҚО заңнамасымен реттелетін жергілікті қор болып табылатыны туралы ереже	✓	✓
Қордың ұйымдық-құқықтық нысаны және оның ашық немесе жабық болуы	✓	✓
Келесі ережелер көзделуі керек: i. Қор басқарушысы қорға қатысты барлық операцияларға жауапты және мезгіл-мезгіл іс-шараларды немесе аутсорсингтік функцияларды тапсыра алады, бірақ бұл қызмет пен функциялардың орындалуына жауапты емес. ii. Қордың мүлкі қорды басқарушыға сеніп тапсырылады және қордың басқарушысы, тіпті егер кастодиан қор мүлкіне заңды құқықты иеленсе де, мүлік үшін жауапты болып қалады.	✓	✓
Қордың әрекет ету мерзімі	✓	✓
Қордың алымдары, комиссиялық сыйақылары және басқа да шығыстары қор мүлкінен алынуы мүмкін. Мұндай алымдар, комиссиялар және басқа да шығындардың мөлшерін анықтау	✓	✓
Қор капиталының максималды және минималды мөлшері	✓	✓
Акционердің жауапты еместігі туралы келесі ережелер көзделуі керек: (i) егер қолданыстағы заңнама басқаша талап етпесе, қордың қарыздары үшін, ал егер талап етілсе, жағдайларды анықтау. (ii) ол пайлардың бағасын төлегеннен кейін кез келген қосымша төлемдерді жүзеге асыруға және оған тиесілі пайларға қатысты одан әрі жауапкершілік жүктелмейтініне.	✓	✓
Қордың инвестициялық мақсаттары туралы ақпарат (i) қордың мақсаты инвестициялық тәуекелді тарату болып табыла ма және егер ол жылжымайтын мүлік қоры болса, қор бір жылжымайтын мүлікке инвестициялай ма; (ii) ол және (қолданылатын болса) әрбір қосалқы қор инвестициялай алатын инвестициялардың немесе активтердің түрлері; (iii) егер қор мамандандырылған қор болса, қордың түрін көрсетіңіз	✓	✓
Инвестициялау, қарыз алу немесе бағалы қағаздарды несиелендіру бойынша кез келген шектеулер туралы мәлімет	✓	✓
Қор шығара алатын пайлардың класстары және пайлардың әрбір классымен байланысты құқықтар	✓	✓
Кез келген пай классының сатып алу құқығына кез келген шектеулер, сондай-ақ қандай да бір нақты пай классының шығару шектелуі мүмкін жағдайлар	✓	✓
Есептік кезеңде шығарылған және өтелмеген пайлар классы бойынша кірістерді есептеу, аудару, бөлу және кірісті бөлу туралы мәліметтер	✓	✓
Кірістерді төлеу туралы ереже, егер бар болса, және мұндай бөлу жүзеге асырылатын күн	✓	✓
Қордың негізгі валютасы	✓	✓
Жиналыстарды шақыру тәртібі және акционерлердің шешім қабылдау, дауыс беру және дауыс беру құқықтарына қатысты рәсімдер	✓	✓
Қадағалау тәртібі туралы толық ақпарат	✓	✓
Қор менеджері қордың қызметін тоқтата тұруға бастамашы бола алатын негіздер және осыған байланысты кез келген рәсімдер. Пай ұстаушылардың тарату кезінде қордың мүлкіне қатысу құқықтарын айқындау әдістемесі	✓	✓
Жарғыға өзгерістер	✓	✓

Дереккөз: CIS ережелері, 1-қосымша: Жарғы мазмұнына қойылатын талаптар.
Ескерту: Бұл кесте CIS ережелерінде көрсетілген Жарғыға қойылатын барлық талаптарды қамтымайды.
* * CIS ережелерінің 1-қосымшасы non-exempt қорларына қатысты болғанымен, олар кез-келген қор үшін жақсы үлгі болып табылады, өйткені олар қор қызметінің маңызды мәселелерін көрсетеді.

3.2

Ұсыныс материалдары: non-exempt және exempt қорлары

Мазмұнға қойылатын талап	Мәліметтер / түсініктеме	Мазмұнға қойылатын талап	Мәліметтер / түсініктеме
1. Түйіндеме	- Қор атауы - Заңды нысаны - Түрі (non-exempt және exempt қоры) - Ашық немесе жабық - Қор мерзімі - Өлшемі - Негізгі валюта - Минималды жазылым сомасы	9. Қордың акциялары / пайлары	- Акциялардың/пайлардың класстары және әр класстың акцияларына/пайларына берілген құқықтар - Акцияларды/пайларды өайта сатып алу құқығын шектеу - Акциялар/пайлар шығарылмайтын жағдайлар - Акциялардың/пайлардың әрбір классы бойынша табысты есептеуді, беруді, бөлуді және кіріс бөлуді жүзеге асыратын жауапты тараптар туралы мәліметтер - Минималды жазылым сомасы - Кәдімгі және ерекше жағдайларда акцияларды/пайларды сатып алу/айырбастау
2. Ұсыныстар материалдарына өзгерістер	Өзгерістер қашан және қалай жасалуы мүмкін	10. Листинг	Листинг тәртібі және акцияларды/пайларды орналастыру/сату рәсімдері
3. Инвестициялық мақсат/стратегия/ қор саясаты	- Инвестиция/актив түрі - Инвестицияларды бөлу - Қолданылатын шектеулер - Басқа қорларға инвестиция салуға бола ма - Туынды құралдарды немесе акцияларды қарызға алуды/қысқа сатуды пайдалануға бола ма - Инвестициялық мақсатты/стратегияны/ саясатты өзгерту процедуралары - Инвестициялық мақсатты/стратегияны/ саясатты бұзудың салдары мен шаралары	11. Клиенттердің қаражаты мен инвестициялары	Қорғау тетіктерін, сақтау бойынша шарттық қатынастарды және есепке алу әдістерін, сондай-ақ пайдаланылатын құралдарды сипаттау
4. Бағалау	- Инвестицияларды бағалау рәсімдері - Акцияларға/пайларға баға белгілеу процедуралары мен әдістемесі	12. Бөлу саясаты	- Бөлу саясаты - Сарқырама - Бөлу кезеңділігі және түрлері (дивидендтер, қайта инвестициялар және т.б.)
5. Тәуекелдер	Қордың акцияларына/пайларына инвестициялау тәуекелдері	13. Байланыс	- Рәсімдер, арналар, есептілік, байланыс нысандары және шағымдарды қарау - Ұсыныс материалдарындағы кез келген елеулі өзгерістер туралы акционерлерді / пай ұстаушыларын хабардар ету тәсілдері
6. Комиссиялар, алымдар және шығыстар	Барлық алымдар, төлемдер мен шығыстар, сондай-ақ акционерлер/пай иелері тікелей/ жанама түрде көтеретін олардың максималды сомалары	14. Есеп жүргізу саясаты	Тіркелуге жататын ақпарат және оны сақтау мерзімі
7. Қарыз алу	- Левереджді пайдалану жағдайлары - Левередж түрлері мен көздері - Ілеспе тәуекелдер - Левереджді пайдалануға шектеулер - Кепілмен қамтамасыз ету және активтерді қайта пайдалану туралы келісімдер - Левередждің максималды деңгейі	15. Басқа маңызды мәліметтер мен сұрақтар	- Қордың жылдық есебі (егер бар болса) - Активтердің таза құны және қордың тарихи тиімділігі (егер бар болса) - Қордың бас брокері және осы бас брокермен кез келген маңызды келісімдердің сипаттамасы - Қордың қызмет ету мерзімі - Қор қызметін тоқтату мүмкіндігі және процесс - Шетелдік қорға қатысты мәліметтер (егер бар болса) - Ұсыныс материалдары ағылшын тілінде қолжетімді болуы керек
8. Қор басқарушысы және қызметтерді ұсынушы үшінші тарап	Қор басқарушысының, кастодианның немесе депозитарийдің, қор әкімшісінің, аудитордың және қор үшін кез келген басқа қызмет көрсетушілердің атауы мен өкілеттіктері. Олардың міндеттері мен құқықтары		

Дереккөз: CIS ережелері, exempt қорлары мен non-exempt қорлары үшін ұсыныс материалдарының үлгілері. Ескерту: кестеде ұсыныс материалдарына қатысты негізгі аспектілер қысқаша берілген. Ол тиісті AIFC актілерінде көрсетілген басқа талаптарды қамтымайды

4 Акцияларды/пайларды орналастыру, жою, сату және өтеу			
Талап	Non-exempt қор	Exempt қор	
Қор басқарушысы	Жергілікті	Жергілікті	Шетелдік
Орналастыру	- Инвестициялық декларацияға сәйкес бастапқы ұсыныс кезеңі - Қорды тіркеу күшіне енген күнге дейін ұсынылуы мүмкін емес	Инвестициялық декларацияға сәйкес бастапқы ұсыныс кезеңі	- Инвестициялық декларацияға сәйкес бастапқы ұсыныс кезеңі - Қорды тіркеу күшіне енген күнге дейін ұсынылуы мүмкін емес
Пайларды сатып алу	- Қордың жарғысына сәйкес - Non-exempt қорлар болып табылатын REIT қорларының пайларын сатып алу үшін ақшалай емес жарналарды пайдалану мүмкін емес	- Қордың жарғысына сәйкес - Exempt қор болып табылатын REIT қоры REIT қорларының пайларын сатып алу үшін ақшалай емес жарналарды пайдалану мүмкін емес	Қордың жарғысына сәйкес
Пай ұстаушыларға арналған шектеулер	Қайта сатып алу талабын шектеу кезеңі қордың инвестициялық декларациясына сәйкес рұқсат етіледі	- Тек кәсіби клиенттер үшін және минималды жазылым сомасы \$50 000 - Қайта сатып алу талабын шектеу кезеңі қордың инвестициялық декларациясына сәйкес рұқсат етіледі	- Тек кәсіби клиенттер үшін және минималды жазылым сомасы \$50 000 - Қайта сатып алу талабын шектеу кезеңі қордың инвестициялық декларациясына сәйкес рұқсат етіледі
Ұстаушылардан пайларды сатып алу кезеңділігі	Қордың инвестициялық декларациясына сәйкес	Қордың инвестициялық декларациясына сәйкес	Қордың инвестициялық декларациясына сәйкес
Қайта сатып алу	Қордың инвестициялық декларациясына сәйкес	Қордың инвестициялық декларациясына сәйкес	Қордың инвестициялық декларациясына сәйкес
Кейіннен орналастыру	Қордың инвестициялық декларациясына сәйкес	Қордың инвестициялық декларациясына сәйкес	Қордың инвестициялық декларациясына сәйкес
Пайларды орналастыруды, сатуды, өтеуді және жоюды уақытша тоқтату	Ашық қор жағдайында: қордың жарғысына сәйкес, ерекше жағдайларға байланысты бұл қор акционерлерінің мүддесі үшін немесе AFSA бұйрығы бойынша	Ашық қор жағдайында: қордың жарғысына сәйкес, ерекше жағдайларға байланысты бұл қор акционерлерінің мүддесі үшін немесе AFSA бұйрығы бойынша	Ашық қор жағдайында: қордың жарғысына сәйкес, ерекше жағдайларға байланысты бұл қор акционерлерінің мүддесі үшін немесе AFSA бұйрығы бойынша

5 Инвестициялық қордың активтері		
Талап	Non-exempt қор	Exempt қор
Активтер	- Қаржы құралдары - Қордың инвестициялық саясатына сәйкес басқа құралдар - Басқа қорларға инвестициялар - Туынды қаржы құралдарына инвестициялар - Бағалы қағаздарды несиелеу және қарыз алу - Жылжымайтын мүлік*	- Қаржы құралдары - Қордың инвестициялық саясатына сәйкес басқа құралдар - Басқа қорларға инвестициялар - Туынды қаржы құралдарына инвестициялар - Бағалы қағаздарды несиелеу және қарыз алу - Жылжымайтын мүлік
Қаржы құралдарының тізбесі	Қордың инвестициялық саясатына сәйкес	Қордың инвестициялық саясатына сәйкес
Қаржы құралдары бойынша шектеулер (тыйымдар)	REIT қоры: - Егер құрылыстың толық аяқталуына тиісті мемлекеттік орган кепілдік берсе немесе AFSA мақұлдаған банктің кепілдігі болса, құрылыс кезеңіндегі жылжымайтын мүлікке инвестициялауға рұқсат етіледі. - Құрылыс сатысындағы жылжымайтын мүлікке арналған келісімшарттың жалпы құны қор активтерінің таза құнының 10%-нан аспауға тиіс.	
Инвестициялар бойынша лимиттер	1.Қордың инвестициялық саясатына сәйкес 2.REIT қоры: - Қор өз активтерінің кем дегенде 80% табыс әкелетін жылжымайтын мүлікке, ал қалған бөлігін ақшалай қаражатқа немесе басқа бағалы қағаздарға салуы керек. - Қордың таза кірісінің кем дегенде 50% жылжымайтын мүлікті жалға беруден түсуі керек	
Қарыз көлемі	- Қордың инвестициялық саясатына сәйкес - REIT қор: активтердің таза құнының 60%-нан аспайды	
Активтердің құрамын сәйкестендіру мерзімдері	Қордың инвестициялық саясатына сәйкес (REIT қоры үшін 6 ай)	
Активтердің құнын анықтау	Инвестициялық саясатқа сәйкес құнды анықтау әдістемесі	
Бухгалтерлік есеп	IFRS немесе US GAAP сәйкес	

*Non-exempt қор және REIT қоры тиісті мүліктің дұрыс бағалануын қамтамасыз ету үшін тәуелсіз кәсіби бағалаушыны тағайындауы керек.

6

Пруденциялық нормативтер

Талап	Non-exempt қордың басқарушысы	Exempt қордың басқарушысы
Жарғылық капиталдың минималды мөлшері	AIFC Companies Regulations сәйкес	AIFC Companies Regulations сәйкес
Меншікті капиталдың минималды мөлшері	\$150 000	\$50 000 (кастодиан тағайындалса) \$500 000 (кастодиан тағайындалмаса)
Меншікті капиталдың жеткіліктілігіне талап	Капитал ресурстары капиталға қойылатын минималды талаптан кем емес = Капиталға қойылатын базалық талап	Капитал ресурстары капиталға қойылатын минималды талаптан кем емес = Капиталға қойылатын базалық талап
Өтімділік талабы	Құны фирманың жылдық операциялық шығыстарының кемінде 25% құрайтын өтімді активтер.	
Пруденциялық нормативтер бойынша есептіліктің кезеңділігі	AFSA-ға тоқсан сайынғы және жылдық пруденциалдық есептер осы мақсат үшін берілген AFSA шаблондарына сәйкес	
Бұзушылықтар туралы хабарлама	1 жұмыс күнінен кешіктірмей	
Ұйымның қаржылық тұрақтылығын арттыру бойынша ерте деңгей шараларын көздейтін іс-шаралар жоспары	1.Қор менеджерінің төлем қабілетсіздігі қаупін тудыруы мүмкін ықтимал болашақ жағдайлар мен оқиғаларды нақты ықтималдықпен анықтау. 2.Қор менеджеріне болашақ үш жылдық кезеңде күтілетін қолайсыз стресстер мен сценарийлер қалай әсер ететінін зерттеу үшін капиталдың жеткіліктілігін жыл сайынғы ішкі бағалауды жүргізу. 3.Осы күйзелістер мен сценарийлер қарсаңында және нәтижесінде қордың басқарушысы алатын және төлейтін ақша ағындарын болжау. 4.Басқару бойынша іс-қимыл жоспары.	
AFSA-ның іс-шаралар жоспарын қарауы	-	
Іс-шаралар жоспарын ұсыну	AFSA сұрауы бойынша	

7

Кастодиан және қор әкімшісі

Қосымша қызмет көрсетушілермен келісімдердің талаптары мен мазмұны	Кастодиан	Қор әкімшісі
Қор үшін міндетті талап*	✓	✓
Бөлек есеп	✓	
Активтерді сақтау (меншікті активтерден немесе басқа клиенттердің активтерінен бөлек)	✓	
Қордың мүлкі қор басқарушысының өкімдеріне сәйкес есепке алынуға және есептен шығарылуға тиіс	✓	
Қордың мүлкін есепке алу және тіркеу тәртібі, дивидендтерді, басқа да төлемдер мен пайыздарды талап ету және алу	✓	
Кастодианның міндеттері мен функцияларын қор басқарушысының алдын ала жазбаша келісімінсіз беруге жол берілмейді	✓	
Шотта орналастырылған қордың инвестициялары туралы толық ақпарат бойынша қор басқарушысына есеп беру (оның жиілігін қоса)	✓	
Кастодиан шотты кез келген басқа шотпен біріктіре алмайды немесе шоттағы инвестицияларды қамтамасыз ету, ипотека, кепіл, есептесу немесе қарсы талап ретінде пайдалана алмайды.	✓	
Дефолт жағдайында кастодиандық жауапкершіліктің көлемі	✓	
Ұжымдық инвестициялар схемаларының ережелерінде (CIS Rules) айқындалған жағдайларды қоспағанда, осындай әкімшілендіруге байланысты үшінші тұлғаларға тиесілі ақшалай қаражатты немесе активтерді ұстауға немесе бақылауға болмайды		✓
Қорды әкімшілендіру бойынша қызметтер көрсету кезінде қолданылатын қызмет көрсету функциялары мен стандарттары		✓
Әкімшінің міндеттері мен функцияларын қор басқарушысының алдын ала жазбаша келісімінсіз беруге жол берілмейді		✓
Ақшаны жылыстатуға қарсы күрес модулі		✓
Мәмілелерді растайтын құжаттарды сақтау		✓ (6 жыл)

*1) Жергілікті қор басқарушысы басқаратын non-exempt қорлар және REIT қорлары.
2) Шетелдік қор басқарушысы басқаратын exempt қор.



«Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) – Шығыс Еуропа және Орталық Азия өңіріндегі N°1 қаржы орталығы, сондай-ақ инновациялар мен бизнестің өсіміне арналған динамикалық хаб.

Оның әлемдік деңгейдегі реттеу, ерекше салық режимі, тәуелсіз сот жүйесі бар.

Біз арнайы жасалған жағдайлардың: халықаралық стандарттар негізіндегі реттеу, дамыған қаржы инфрақұрылымы, тәуелсіз сот жүйесі, инновациялар және сараптаманың арқасында бизнеске капитал тартуға көмектесеміз.



АХҚО жарияланымдары

Қазақстан, Астана,
Мәңгілік Ел, 55/18 ғимарат, С3.3.

Сайт: **www.aifc.kz**

Тіркеу және лицензиялау мәселелері бойынша: **bcs@aifc.kz**

Аналитика және жарияланымдар мәселелері бойынша:

industry.analysis@aifc.kz